

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН МҮЛТІКСІЗ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ

3-бет



АЗАТ ПЕРУАШЕВ МАРАФОНДА ПЛАКАТ ҰСТАҒАНДАРДЫ БОСАТУДЫ СҰРАП, БАС ПРОКУРАТУРАҒА ХАТ ЖОЛДАДЫ

4-бет



КТО ВИНОВЕН В БЕЗГРАМОТНОСТИ КАЗАХСКОЙ РЕКЛАМЫ? САМ ЯЗЫК ИЛИ ОБЩЕСТВО?

11-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №16 (834), 29 sáýir, 2019




## АҚЖОЛТАЙ ЖІГІТ

Жас Қаныш сырттағы жоғары оқу орнын бітіріп, елге оралар алдында қатты толқыды. Оның толқуының орны бөлек, әрине. Бұл – сонау 1926 жыл еді... Дегенмен, жас геолог-инженер Ресейде қалуға қолқа салған атақты оқытушыларына өзінің қалайда туған елге...

8-9 бет

# САЙЛАУЫМЫЗ – ӘДІЛ, ҮМІТКЕРІМІЗ ДӘДІЛ БОЛСЫН!






Иә, кезінде шет тілін 5-сыныптан бастап оқып-ақ, кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшынша талай сөйлеп, баяндама жасап жүрген , Сенат төрағалығын сенімді атқарған, енді міне, Қазақстан Президенті болып, мемлекет тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаевтың нар тұлғасы – өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту – талқылаусыз таңдау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдірмей ме?

3 бет



# БІЗДІҢ СОТТАР ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСКЕ НЕГЕ АТҮСТІ ҚАРАЙДЫ?

Біздегі соттар қаралатын істі жіті тексермей, солақай шешім шығаратыны жөнінде мерзімді баспасөзде аз жазылып, телеарналарда кем көрсетіліп жатқан жоқ. Осыған байланысты Бас прокуратура немесе Жоғарғы сотқа жазылған арыздар да дұрыс қаралмайды, жалпылама жауап бере салумен құтыла салады. Ал, әрбір арыздың артында адам тағдыры тұрғанын құқық қорғау орындары мүлдем ескермейді. Оларға тезірек істі жауып, шешім шығарса болғаны. Неге?..

6 бет



## ЕСІМІНЕ БОЛМЫСЫ САЙ АЗАМАТ

5 бет

# ВЫБОРЫ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ИСТОРИЧЕСКОЙ МАТРИЦЫ



...По этой причине исследователь призывает уделять большое внимание своей истории – в ней сокрыты знания настоящего и будущего страны и народа, по ней можно прогнозировать и проецировать будущее. Такое неординарное и прогнозное видение истории страны – как по матрице выводить события современной жизни – было основой для нашей беседы с писателем.

10 бет

# ПРЕЗИДЕНТТІККЕ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫ ҰСЫНЫЛДЫ

**«Nur Otan» партиясының кезектен тыс XIX съезінде партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев 9 маусымда өтетін кезектен тыс президенттік сайлауға Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды.**




«Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиялық тәжірибесі БҰҰ деңгейінде жоғары бағаланғанын білесіздер. Осы жаһандық құрылымда ол Бас хатшының орынбасары ретінде қызмет етті. Дипломатиялық жетістіктерімен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік басқару саласында мол тәжірибе жинады. Ол ел дамуының ең күрделі кезеңінде Қазақстан Үкіметін басқарды. Естеріңізде болса, 1998 жылғы Азиядағы қаржы дағдарысынан кейін экономиканы қалпына келтіруге атсалысты», – деді ол. Елбасы Қ.Тоқаевтың тікелей қатысуымен 90-шы жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында бірқатар маңызды реформа жүргізіліп, ел экономикасын өркендетуге жол ашылғандығын да атап өтті.

«Сол жылдары ол менің Ұлттық қор құру туралы идеямды толық қолдап, оның құрылуына атсалысты. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, даму институттары осы кезде пайда болды. Әлеуметтік жаңғыру жолында алғашқы қадамдар жасалды. Жаңа зейнетақы жүйесі қалыптасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы ретінде Қазақстандағы парламентаризмнің жаңа заң шығару қызметіне мол үлес қосты. Осы жылдар ішінде ол маған сенімді серік болып, елімізді одан ары өркендетуге қатысты ұсталымымызды қолдап келеді. Мен оған толық сенемін және оны Қазақстанды басқаруға лайықты азамат деп есептеймін. Ол менен бір мүшел жас кіші, осы күні ел басқарып отырған төңіректегі көршілеріміздің құрдасы және замандасы болып саналады. Жұмыс істеуіне ыңғайлы», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

# ӘРБІР ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КАРТАСЫ ЖАСАЛЫНАДЫ

**Елорданың әкімі Бақыт Сұлтанов және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев аз қамтылған және көпбалалы отбасыларымен кездесіп, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен жақынырақ танысты.**

«Бұрын отбасының табысын есептеген кезде олардың балалары үшін алатын жәрдемақысы, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» үшін және мүгедек бала үшін алатын жәрдемақы, сол сияқты стипендия, одан кейін жергілікті әкімдіктен берілетін ақшалай жәрдемақылардың барлығы есептелетін еді. Осы жылдың 1-сәуірінен бастап ол есептеулерді алып тастадық. Яғни, атаулы әлеуметтік көмек және басқа да мемлекеттік қолдау көрсетілетін кезде жоғарыда аталған жәрдемақы түрлері есепке кірмейді. Елбасы бізге алдымен көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету керектігін баса айтты. Осы мақсатта қазіргі күні жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірігіп, әрбір отбасының жеке әлеуметтік картасын жасаудамыз. Бұл тапсырманы осы жылдың 1 шілдесіне дейін бітіруіміз керек, дәл қазір оның 30% дайын. Толық жасап болғанда отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша одан арғы бағытымызды айқындайтын боламыз», – деді Б.Сапарбаев. Сондай-ақ, министр жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін ауылда тұратын көпбалалы отбасыларға және жастарға мемлекеттік гранттар берілетінін сөз етті. Мысалы, биыл өз кәсібімді дөңгелетемін деген 10 мың адамға 500 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант беріледі, бұдан бөлек шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысамын деген жандар үшін 500 мың теңгеден 6,5 млн. теңгеге дейін шағын несие беру қарастырылатынын жеткізді.

# МЫҢДАҒАН КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

**Алдағы жеті жылдың ішінде көп балалы отбасылар үшін 42 мың жалға берілетін пәтер салынбақшы. Бұл туралы Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов елордада өткен көп балалы және аз қамтылған отбасылармен кездесу барысында мәлім етті.**



«Мәжіліс тұрғындарымызды баспанамен қамтудың жаңа тетіктерін мақұлдады «Елбасының «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде бізге тапсырған негізгі үш тапсырмасы бар. Ол алдымен баспана мәселесі, екінші халықты таза ауыз сумен қамту және жергілікті жерлердегі жол мәселесін шешу. Берілген тапсырмадан соң біз Қазақстанның әр өңіріндегі 50 шақты елді мекенде болып, тұрғындармен кездесу ұйымдастырдық. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдай отырып байқағанымыз, көмек-қолдау сұрап келген тұрғындардың 70-80% баспана мәселесін шешіп беруді сұрады», – деді комитет төрағасы Мархабат Жайымбетов. Оның айтуынша, бүгінде елімізде 340 мың көп балалы отбасы бар, оның 28 126 тұрғын үй кезегінде тұр және соңғы екі жыл ішінде 1193 отбасы баспаналы болды. Бұрын мемлекет тарапынан көп балалы отбасыларға жылына 600 пәтер берілетін болса, биылдан бастап бұл көрсеткіш он есеге артып, енді жыл сайын 6 мың пәтер беріледі. Бұл мақсатқа бюджеттен 50 млрд. теңге қаржы қарастырылған. Яғни, алдағы 7 жылдың ішінде (2019-2025 жж) көп балалы отбасылар үшін 42 мың жалға берілетін пәтер салынатын болады.

# «АЛТЫНКӨЛ» КЕДЕН БЕКЕТІНДЕ АКЦИЗДІК МАРКАЛАР ҰСТАЛДЫ

«Алтынкөл» кеден бекетінің шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығының бақылау, өткізу пунктінде кезекті кедендік тексеру барысында кеден қызметкерлері мен Алматы облыстық экономикалық қылмысқа қарсы күрес департаментінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, РТУ «Раписан» аппараты арқылы кедендік тексеруден жасырып өтпекші болған контрафактылық темекі өнімдеріне арналған акциздік маркаларын ұстады. Акциздік маркалар Ресей Федерациясынан шығарылатын темекі өнімдеріне арналған болып шықты. Ұсталған тауардың жалпы салмағы 185 кг. Саны 1 920 000 дана болып шықты.

Қазіргі уақытта тиісті процессуалдық шешім шығару мақсатында ұсталған тауардың кедендік құнын және оған кінәлі адамдарды анықтау шаралары қолға алынды.

*Алматы облыстық мемлекеттік кірістер департаменті «Алтынкөл» кеден бекетінің баспасөз орталығы*

**Сенаттағы заң жобаларын талқылауға мәслихат депутаттарын шақырып отыру қажет. Бұл туралы Сенат депутаттарының орталық атқарушы және жергілікті өкілетті органдардың басшыларымен кездесуі барысында сенатор, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев айтты.**

# ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК – БАСҚАРУДЫҢ ШЕШУШІ САТЫСЫ



Оның айтуынша, өңірлер үшін маңыздылығы жоғары заң жобаларын талқылау барысында мәслихат депутаттарын Парламент Сенатына шақыру Сенат депутаттарын аймақтардағы нақты жағдаймен жақынырақ таныстырады және оның дамуы мен адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық жобаларды одан ары тиімді іске асыруына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, ол Үкімет әзірлейтін заң жобаларының сапасыз болып келетіндігін, соның салдарынан орындалмай жататындығын айтты. «Өздеріңіз білесіздер, Сенат депутаттары Үкімет әзірлеген заң жобаларының сапасын бірнеше рет көтерді. Әлеуметтік-экономикалық салдардың нақты бағаланбайтындығына байланысты біз, депутаттар әрқашан заң жобаларының қабылдану нәтижесі мен тиімділігі туралы жан-жақты көріністі айқындай алмаймыз. Өкінішке орай, іске асыру кезеңінде көптеген зандар орындалмайды немесе жүзеге асырылмайды», – деді ол. Мәселен оның айтуынша, 2016 жылы Жер кодексіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін иеленуге қатысты өзгерістер енгізілді. Кейіннірек бұған Президент Жарлығымен мораторий жарияланды. Мүлік пен кірісті жалпыға бірдей декларациялау туралы заң жобасы да шикі болуы салдарынан қолдану мерзімі бірнеше рет ауыстырылды. Міндетті медициналық сақтандыруға қатысты түзетулер де халықтың көптеген сұрағын туындатты. «Демек, мәслихат депутаттары Парламент Сенатында қаралатын заң жобаларына қатысуы, сондай-ақ қабылданған зандарға сәйкес халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өңірлермен кері байланыс орнатуға, халықты алдағы заңнамаға енгізілетін өзгерістермен ақпараттандыруға мүмкіндік береді», – деді Т.Мұқашев.

# БІРҚАТАР АЙЫППҰЛДАР ЖЕҢІЛДЕТІЛЕДІ

**Әділет министрлігі біраз айыппұл түрін жеңілдетуді ұсынып отыр Осы бағыттағы заң жобасын министр Марат Бекетаев Мәжіліс қарауына ұсынды. Ол әкімшілік құқықбұзушылықтың кейбір баптарын мүлдем сызып тастау керек дейді.**

Министр ұсынған заң жобасында әкімшілік құқықбұзушылықтың 44 түрі бойынша айыппұл көлемін төмендету көзделген. Тағы 10 түрін біраз жеңілдетіп, және де алтауын тек ескерту түріне ауыстыруды заң жүзінде енгізу керек дейді. Ал 32 түрін заңнан мүлде алып тастауды көздейді. Марат Бекетаев, Әділет министрі: – Әкімшілік құқықбұзушылықтардың кейбір құрамдарын азаматтық немесе тәртіптік іс жүргізу арқылы қарауға болады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру және оларды автоматтандыру сияқты іс-шаралар орындалуда.

# АУЫЗ СУ АЗАБЫ

**Елімізде ауылдық жерлерді сумен жабдықтауда ең төменгі көрсеткіштер Павлодар, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарында байқалып отыр. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов мәлім етті.**



Халықты сапалы ауыз сумен және су жүйелерімен қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі. Былтыр ауылды жерлерді сумен жабдықтауға 100 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінген екен. «Оның ішінде республикалық бюджеттен ауыл ішіндегі жүйелерге – 69,6 млрд теңге бөлініп отыр», – деді Мархабат Жайымбетов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында. Комитет басшысының айтуына қарағанда, 2018 жылы елдегі 6 499 ауылдың 3 892-і (барлық ауылдың 59,9 пайызы) сумен жабдықталған. Қазіргі уақытта ауыл халқының 84,4 пайызы немесе 6,5 млн. адам орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне қол жеткізіп отыр. Жобаларды іске асырудың оң әсеріне және республика бойынша көрсеткіштердің артуына қарамастан, жекелеген өңірлерде тұрғындардың ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша теңсіздік байқалуда. Ауылдық жерлерді сумен жабдықтау бойынша рейтингте ең төменгі көрсеткіш Ертіс өзені бойын жайлаған Павлодар облысы (29,7 пайыз), Қостанай (31,4 пайыз), Батыс Қазақстан (46 пайыз) облыстарына тиесілі екенін атап өтті Мархабат Жайымбетов.

**Қазір елдің бәрінің назары Президент сайлауында. Ұлы ақынымыз, абыз Шәкәрімнің «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгерек» дегеніндей бұл жолғы сайлаудың жөні бөлек. Өйткені, бұл Президент сайлауына 30 жылдан бері алғаш рет Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатыспайды. Оның үстіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына үндеуінде «Сайлау әділ де, ашық, таза өтетініне кепілдік беремін» деп мәлімдеді. Яғни, мемлекет басшысының бұл сөзі елдің үмітін оятып, саяси партиялардың қарқынын күшейтуі тиіс.**



# САЙЛАУЫМЫЗ – ӘДІЛ, ҮМІТКЕРІМІЗ ДӘДІЛ БОЛСЫН!

Бұл ретте, Конституция бойынша әлі бір жылдай Президенттік уақыты болса да, Мемлекет басшысысының ел алдындағы зор жауапкершілігін білдіріп, өзіне тән демократиялық, дипломаттық қасиетімен Президент сайлауын жариялаған Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі халықтың көңілінен шыққанын айтуға тиіспіз.

Кезінде кітабын жастығымызға жастап оқыған белгілі жазушы, қазақ детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың ұлы – бүгінгі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев туралы айтқанда, мен әдеттегідей кез келген саясаткердің келбетін ең алдымен Ұлттық мүддемізге байланысты қарастырамын. Ал ұлттық мүддеміз ең алдымен мектептен, білім саласынан, балаларға берілер тәлім-тәрбиеден басталатыны анық. Қашан да, қай қызметте болса да, қоғам тынысын сергек бақылап отыратын Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезінде Твиттер әлеуметтік желісіндегі парақшасында «Бірінші сыныпта шет тілін емес, Қазақ тілін оқытудың қажеттігі» туралы айтқанын ел жақсы талқылап, жаппай қолдағаны белгілі. Иә, қай кезде де, тоқетерін айтатын Тоқаев мырза елдің сөзін айтуымен ерекшеленіп келе жатқан салмағы зор саясаткеріміз екені анық. Кезінде елдің наразылығын тудырған латын әліпбиінің алғашқы нұсқаларының бірі «үтірлі нұсқаға» нүктелі ноқат қоюға үлес қосқаны да белгілі. Шетелдің атақты алпауыт телеарнасы BBC-дің HARDTalk бағдарламасының жүргізушісі Стивен Сакурға еркін жауап беріп, еліміздің демократиялық деңгейін білдірген сүбелі сұхбаты көптің көңілін аударған да болатын. Сол кезде «Елбасы ендігі Президент сайлауына қатыспауы мүмкін» деген сөзді алғаш рет Тоқаев айтқан болатын... Сондықтан болар, елімізде кейбір күрделі мәселелер шиеленісе бастағанда ел Қасым-Жомарт Кемелұлының кеңесін күтіп жүретін. Қазақстан Президенті бола салысымен Инстаграммнан парақша ашуы да Қасым-Жомарт Кемелұлының халықтың үнін, қоғамның тынысын тыңдаудан туған қарекет деп білеміз. Енді қоғамдық-саяси әлемнің қайнаған қара қазанына айналған Фейсбуктан да өз парақшасын ашып жатса құба-құп.

Сол кезде кез келген мемлекеттің ұлттық мүддесі болып табылатын мемлекеттік тіл мәселесінің «бас ауыруына» айналған бастауыш сыныптардағы шет тілін оқытудың зияны туралы зиялылық биіктікпен білікті пікір білдіруі бүкіл елдің күтіп отырған түйінді сөзі еді... Әр мемлекетте бастауыш сыныпта балалардың тек өз тілінде оқуының артықшылығы және бастауыш сыныпта шет тілінде оқудың зияны туралы тұжырым ғылыми дәлелденген қағида екені ақиқат. Бұған мың бір мысалдың бірі ретінде Жапония секілді озық ойлы дамыған мемлекеттерді алсақ та жеткілікті.

Былтыр, Бұқаралық ақпарат құралдары күні, бір үстелде отырған журналистермен әңгіме үстінде Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жас кезімде журналист болуды армандаған едім. Бірақ, сәті түспей, кейін Мәскеудің халықаралық университетіне түстім», — деп, айтып қалды.

– Әрине, әкеңіз Кемел Тоқаев белгілі жазушы болғасын, журналист болуды армандауыңыз заңдылық қой – деп, мен сөз қосып қойдым.

– Сіз қазір де журналистердей мақалалар жазып жүрсіз ғой, – деді «Егемен Қазақстан» газетінің басшысы Дархан Қыдырәлі.

– Иә, алдыма дайындап әкелген мәтіндерді көбінесе, ұнатпай, өзім жазуға тырысамын» – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Әңгіме Қ.Тоқаевтың твиттердегі бірінші сыныпта ағылшын тілін емес, қазақ тілін оқыту керектігі туралы, ел жаппай қолдап жатқан құнды кеңесіне келгенде Қасым-Жомарт Кемелұлы:

– Ағылшын тілін, жалпы шет тілдерді бастауыштан кейін, 5-сыныптан бастап оқыту керек. Біз өзіміз солай оқыдық қой, – деді.

– Жаратылыстану пәндерін, физика, математика пәндерін ағылшын тілінде оқыту деген қалай болады? Оған дайын мұғалімдер бар ма? – деп риторикалық сұраулы жүзбен қарады бізге.

– Білім министрі Сағадиевтың «Ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің барлығы дайын тұр» деп зуылдауының бәрі өтірік. Кеше ауылдан келген мұғалімдер «Ағылшын тілінде сабақ беруі қазір мүмкін емес, босқа халық қаржысын шашу, ертең балаларымыз дүбара болып, қатты зардабын тартамыз» деп зар жылап кетті, – дедім мен әңгіме өзіміз күнде көтеріп жүрген негізгі тақырыбымызға ауысқанын қолдап.

Сөз арасында Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ үні» сайтындағы «Тоқаевтың тоқетер сөзін түсінбейтін депутаттар да бар екен» деген мақаламызды оқығандығын айтып, рахметін білдірді. Мен «Үкімет айтса, үндемеу, министр не десе де, мың етпеуді меңгерген депутаттарға салса, ағылшын тілін балабақшадан бастайық деп шығады ғой», — деп, кейбір «халық қалаулыларын» да түйреп өттім арасында... (Айтпақшы, кезінде шет тілін бастауыш сыныптан кейін ғана оқыту керектігі туралы Тоқаев тоқетерін айтқанда, келіспей қарсы болған әлгі депутаттар қазір басқаша сайрай бастады).

Иә, кезінде шет тілін 5-сыныптан бастап оқып-ақ, кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшынша талай сөйлеп, баяндама жасап жүрген, Сенат төрағалығын сенімді атқарған, енді міне, Қазақстан Президенті болып, мемлекет тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаевтың нар тұлғасы – өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту – талғалаусыз таңдау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдірмей ме?

Былтыр Қасым-Жомарт Тоқаев осылай көтерген білім саласындағы келеңсіздіктерге биыл нүкте қойылғанын ел қуанышпен қабылдағаны айқын. Мемлекет тізгінін қолға ала салысымен «Рухани жаңғыру – Қазақ тілінен басталады» – деп мәлімдеп, алдымен Ұлттық мүддемізге — Мемлекеттік мүддемізге басты назар аударуда.

Қазір еліміздегі Президент сайлауының дүбірі күннен күнге күшейіп келеді... Әрине, мемлекет басшысын халық сайлауы тиіс. Жоғарыда атап өткеніміздей, бұрынғылардан өзгеше биылғы Президент сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі бастап түсетіні анық. Сонымен бірге партиялардың, қоғамдық ұйымдардың үміткерлері де бақ сынайды бұл сайлауда. Біздің «Ақ жол» партиясынан да үш-төрт үміткер бұл аламанға ат қосатынын мәлімдеп үлгерді. Бұл сайлаудағы бір кемшілік – Қазақстан Президенттігіне үміткер болып, тек бес жыл мемлекеттік қызметте істегендер ғана тіркеле алады деген қисынсыз талап! Заңымыздағы бұл заңсыз тосқауыл ел үміт күткен көп үміткердің жолын жауып, қолын байлап отыр. Енді біздің «Ақ жол«» партиясының негізгі үміткері 24 сәуірде өтетін партия құрылтайында анықталады!

Ең бастысы – Сайлауымыз әділ, үміткеріміз дәділ болсын деп тілейміз!

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, «Қазақ үні»**
**газеті Президенті**
*qazaquni.kz*
*22.04.2019ж.*

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН МҮЛТІКСІЗ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ

**Елордада ҚР Президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін анықтайтын лингвистикалық комиссияның арнайы отырысы өткізілді. Болашақ мемлекет басшысының қазақ тілін қалай меңгергенін бағалайтын лингвистикалық комиссияның төрағасы болып бұл жолы да Мырзатай Жолдасбеков тағайындалды.**

Мемлекет басшысының қазақ тілін еркін меңгеруі оған қойылатын негізгі талаптардың бірі болып саналады. Комиссия отырысынан кейін лингвистикалық комиссия төрағасы Мырзатай Жолдасбеков бұл жолғы үміткерлер тапсыратын емтихан талаптарын БАҚ өкілдеріне түсіндірді. Төрағаның айтуынша, емтихан үш кезеңнен құралған. «Бірінші кезеңде үміткер конвертте жасырылған тақырыптардың біріне жазбаша жұмыс тапсырады. Жазбаша жұмыс 2 беттен аспауы керек, оны жазуға 1 сағат уақыт беріледі. Егер үміткер 1 сағатта жазып бітіре алмаса, комиссия ақылдаса келе, қосымша жарты сағат бере алады. Комиссия мүшелері жұмысты мұқият тексереді, әріп қатесін, тыныс белгілерін қадағалайды. Мәселен, 8 орфографиялық қате табылса, екілік қойылады», — деді комиссия төрағасы Мырзатай Жолдасбеков Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте. Екінші кезеңде үміткер комиссия ұсынған көлемі үш беттен аспайтын мәтінді дауыстап оқиды. «Үміткерлер оқитын кітаптарды бекіттік. Оған тек қазақ ақын-жазушыларының мұрасын алдық. Комиссия ұсынған кітаптардың бірінен үміткер 15 минут үзінді оқиды. Бұл кезеңде үміткердің дауыс ырғағы, оқу мәнері бағаланады. Яғни, Президент болатын қайраткер мемлекеттік тілде еркін оқи алуы керек деп есептейміз», — деді М. Жолдасбеков. Үшінші кезеңде үміткер лингвистикалық комиссия берген тақырыптардың біріне сөз сөйлеуі қажет. «Оның да тақырыптары конвертке салынып, бекітілген. Әсіресе, тақырыптар қазақ халқының тарихы, мәдениеті, жетістіктері жөнінде болмақ. Үміткердің сөз сөйлеуі комиссияны қанағаттандырмаса, тақырыпты тереңірек ашу үшін қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін. Апелляция бұған дейінгі сайлауларда тәжірибемізде кездеспеген. Егер үміткерлер тарапынан шағым түссе, Орталық сайлау комиссиясы шешім қабылдап, апелляцияны талқылайтын боламыз», — деді төраға. Атап өткен жөн, лингвистикалық комиссия отырысына оның мүшелері мен ҚР Президенттігіне үміткерден басқа, ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшелері байқаушылар ретінде қатысады. Лингвистикалық комиссияның шешімі комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, отырыс хаттамасымен рәсімделеді.

Қазір жұрттың бар назары 2019 жылдың 9 маусымында елімізде кезектен тыс өтетін президенттік сайлауға ауып отыр. Бұл Қазақстан халқы үшін болашаққа басар қадамымызды анықтар аса маңызды саяси шара. Сайлау әділ және ашық өтуі керек. Халықтың еркін таңдауына кепілдікті республикалық телеарналардан Қазақстан халқына үндеу жариялаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі айтқан болатын.

Өздеріңіз білетіндей, 19 сәуірде ҚР Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауында ҚР Президенттігіне кандидаттардың мемлекеттік тілде еркін меңгергенін анықтайтын лингвистикалық комиссия құрған-ды. Комиссия мүшелері болып Мырзатай Жолдасбеков, Әділ Ахметов, Ғарифолла Есім, Серік Қасқабасов, Гүлтас Құрманбай, Ерден Қажыбек енді.

Теориялық тұрғыдан аталмыш комиссия тағылары дұрыс құрылған деуге болады. Оның құрамына белгілі тіл мамандары мен еліміздегі беделді тұлғалар енгені де құптарлық жағдай. Жақсы жоспар құру бар да, оны нақты іске асыра білу деген болады. Енді лингвистикалық комиссия іс жүзінде үміткерлерге қойылатын талаптардан таймай, алға қойған осы мақсаттарды бұлжытпай орындап шықса болғаны.

Бұлай деуіміздің де өз себебі бар. Осыдан бұрын өткен сайлауларда кейбір кемшіліктердің орын алғанын халық жақсы біледі. Ғани Қасымов секілді қазақшасы «қақалып» жатқан кандидаттар емтиханнан шауып өтіп, ана тілін еркін меңгерген үміткерлерді сүріндіру сияқты көрер көзге ұрып тұрған келеңсіз көріністер қайталанбаса екен дейміз. Маңызды іске жауапкершілікпен қараған жөн. Жалпы біздің шенеуніктер үшін қазақ тілі алынбас қамалға айналғандай. Ширек ғасыр бойы ана тіліміз үшін шырылдап келе жатқанымызбен, нақты нәтиже жоқ. Сондықтан, тым болмаса президенттікке үміткерлердің мемлекеттік тілді еркін меңгергенін жіті тексеріп, қатаң талап етуіміз қажет. Ертеңгі күн өзге министрлер мен әкімдер сияқты атқамінерлеріміз ел басқарып отырған президентке қарап сап түзейтін болады. Біздегі жоғары деңгейдегі жиналыстардың өзі «Ассалаумалейкүмі» қазақша басталады да қалғаны әдеттегідей орысшаға көшіп кететінін күнделікті көріп жүрміз. Әкімдеріміздің, депутаттармыздың біразы мемлекеттік тілді меңгермеген. Г.Қарағұсова секілді депутаттарымыздың қазақшасы күлкі тудырады. Бұл күлкі емес – қасірет. Сондықтан, Президенттен бастап барлық шенеуніктерді де мемлекеттік қызметке аларда осы лингвистикалық комиссия арқылы өткізу қажет. Мемлекет басшысының өзі қазақ тілінен емтихан тапсырғанда, әкімдер мен депутаттар неге сырт қалуы керек? Бұдан былай олардың бәрі емтихан тапсырып, біліктілігімен қоса қазақ тілін жақсы білетінін дәлелдеуі шарт. Барлық жиындар, оның ішінде шетелге барғанда да баяндамаларды қазақ тілінде жасауға міндеттеуіміз қажет. Құдайға шүкір, қазір аудармашылардан кемшілік көріп отырғанымыз жоқ. Онсыз да «Қазақтардың өз ана тілі бар ма?» — деген шетелдіктердің сөзіне қалып жүрміз. Қазақ мемлекетінің басшысы шала қазақшасымен шулдірлеп тұрса, бәріміздің бүкіл масқара болғанымыз ғой. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне дұрыстап көңіл бөлетін уақыт баяғыда жетті емес пе?..

**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТТІККЕ ӨЗ ҮМІТКЕРІН ҰСЫНДЫ




**Елордада «Ақ жол» партиясының кезектен тыс XV құрылтайы өтіп, онда алдағы Президент сайлауына партия атынан қатысатын үміткерді анықтау мәселесі қаралды. Шетелдік әріптестер съезге құттықтау сөздерін жолдаған: «Справедливая Россия» партиясының төрағасы, госдуманың депутаты Сергей Миронов, Орталық Азия бойынша Европарламент делегациясының төрағасы, Европа Либералдары мен Демократтары Альянсы фракциясының мүшесі (АЛДЕ) Ивет Григуленің хаты келіп түсті.**



Құрылтайдың ашылу рәсімінде партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев сөз сөйлеп, «Ақ жол» атынан сайлауға түсетін үміткердің сайлау алдындағы бағдарламасының жобасын таныстырды. Жеті бағыттан тұратын бағдарлама жобасында кәсіпкерлікті қолдау, «Алаш» ұлттық идеясын насихаттау, білім саласын дамыту, жұмыссыздықты қысқарту, тұрғын үй мәселесі, демократия мен парламентаризм және жемқорлықпен күрес секілді өзекті бағыттар белгіленді.

– Болашаққа арналған бұл бағдарламада біздің азаматтарымыз жаңа кезеңде жағдайларының одан әрі жақсартып, қарыштап дамуы үшін қандай кедергілер мен асулардан өту керек екенін анықтап, бағалауға тырысамыз... Біз, еліміздің алдында үлкен болашақтың күтіп тұрғанына сенімді болғандықтан, сайлауға барамыз. Біз, ұлттық дәстүрлер мен демократиялық құндылықтарды біріктіру үшін сайлауға барамыз, – деді өз сөзінде Азат Перуашев.

Одан кейін партия атынан сайлауға түсуге ниет білдірген 6 үміткер өздерінің бейнебаяндарын көрсетіп, сайлауалды ұстанымдарын жариялады. Сондай-ақ, делегаттардың сұрақтарына жауап берді.

Сайланған 254 делегаттың 232-і тіркелген, олардың 190-ы шешуші дауыс беру, 42-сі кеңесші дауыс беру құқығына ие. «Ақ жол» партиясының құрылтайы 9 маусымға белгіленген кезектен тыс президенттік сайлауға қатысу туралы шешім қабылдаған соң партия атынан сайлауға түсетін кандидаттың сайлауалды бағдарламасы жобасын бекітіп, Орталық кеңес төралқасына бағдарламаның соңғы редакциясын қабылдауды тапсырды.

Президенттік сайлауға кандидаттыққа ұсынылған 6 үміткер тіркелген. Олар:

1. Ерғалиев Талғат Файзуллаұлы – Қазақстан Құрылысшылар Одағының төрағасы, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің V шақырылымының депутаты;

2. Ерубаев Серік Сәрсенұлы – «АКС Лтд» ЖШС-нің бас редакторы;

3. Еспаева Дания Мәдиқызы – Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты;

4. Кинцель Евгений Юрьевич – «Ақ жол» ҚДП Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының мүшесі;

5. Қошмамбетов Асан Әнуарұлы – «Ақ жол» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы, «Кошмамбетов и К» ЖШС директорының орынбасары.

6. Рахимбердин Қуат Хажумуханұлы – құқық қорғаушы, Орталық Азиядағы адам құқығы жөніндегі сарапшы, заң ғылымдарының докторы.

Ауызша пікірталас пен көпшіліктің талқылауынан кейін шешуші дауысқа ие 190 делегаттар қатысқан құпия дауыс беру жүргізілді. Үміткерді анықтау бойынша талқылаулар мен дауыс беруге үш сағаттан астам уақыт кетті.

Құпия дауыс берудің нәтижесінде:

Партия атынан президенттік сайлауға түскен үміткерлерге барлығы 190 адам дауыс берді. Оның ішінде 49,5% Еспаеваға, 31,6% Ерғалиевке, 5,3% – Ерубаевқа, 2,7% – Рахимбердинге, 5,8 – Қошмамбетовке, 4,2% – Кинцельге дауыс берді.

Құрылтай бұл ұсынысты қабыл алып, көпшіліктің басым дауысына ие болған Дания Еспаеваның кандидатурасын бекітті (қолдағандар – 172, қарсы болғандар – 15, қалыс қалғандар – 3).

Орталық кеңестің президиумының шұғыл өткен отырысынан соң Съезден ең көп дауысқа ие болған Еспаеваны құпия дауыс берудің екінші кезеңін өткізбей-ақ, ашық дауыс беру арқылы партия атынан кандидаттыққа бекітуін ұсынды.

Еспаева Дәния Мадиқызы 1961 жылы 5 наурызда дүниеге келген. Тұрмыс құрған, екі баласы бар. Алматы есеп-кредит техникумын (1982), Қазақ мемлекеттік Басқару академиясын бітірген, Алматы қ-сы, (1993) (мамандығы «Экономист»). Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, Отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия мүшесі (08.2008, 2012-2016 қайта сайланды), «Ақ жол» партиясы атынан Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидат (05.02.2016), «Ақ жол» партиясынан VI шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚР Парламент Мәжілісінің Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі (24.03.2016 бастап).

«Құрмет» ордені (2011), ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы, «Үздік қаржыгер» медальдарымен марапатталған.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

---

**Алматы қаласында өткен бұқаралық марафон кезінде «Шындықтан қаша алмайсың» деген жазуы бар банерлерді ұстап тұрған екі белсенді 15 тәулікке қамалғаны туралы ақпарат қоғамда қызу пікірталас тудырды. ҚР ІІМ Ерлан Тұрғымбаевтың өзі плакат ұстаған Асия Тулесова мен Бейбарыс Толымбаевтың не үшін ұсталғанын айтып, ешқандай саяси ұран болмағанын жеткізген. Бүгін «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев қамалған екі белсендіні босатуды сұрап, Бас прокуратураға хат жолдады. Депутаттың хатын «Қазақ үні» ақпарат агенттігі оқырман қауымға ұсынуды жөн көрді.**




# АЗАТ ПЕРУАШЕВ МАРАФОНДА ПЛАКАТ ҰСТАҒАНДАРДЫ БОСАТУДЫ СҰРАП, БАС ПРОКУРАТУРАҒА ХАТ ЖОЛДАДЫ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНА

Алматы қаласы сотының дәстүрлі марафон аясында орналастырылған «Шындықтан қашып құтыла алмайсың» («От правды не убежишь») деген баннер үшін Әсия Тулесова және Бейбарыс Толыбековке қатысты қолданған жазасының негізділігі мен дәлелділігін қарастыру туралы өтінішпен жүгініп отырмын.

Бұқаралық ақпарат құралдары хабарлағандай, бұл істі қарау кезінде сот мұндай әрекеттің жазасын жеңілдететін бірқатар фактілерді назарға алмаған. Бұл жерде марафонды ұйымдастырушылар мен қатысушыларға қатысты сыйламаушылықтың, құқық бұзушылық фактісінің болғандығына таласпаймыз.

Алайда, олай әрекет етуге түрткі болған айқын себеп – кез-келген азаматтың ажырамас Конституциялық құқығы болып табылатын өзінің азаматтық ұстанымын білдірсем деген талпынысы екеніне мән берген жөн деп ойлаймын. Соттың шешімімен қабылданған қатал жазаны бүгінгі қоғам жас ұрпақтың азаматтық белсенділігін шектеу мақсатындағы үркіту шарасы деп бағалауы мүмкін.

Ал, мұндай бағалау елімізде басталған сайлау науқанына теріс әсер етуі ықтимал. Сондай-ақ, баспасөз жарияланымдарына сүйенсек, мұндай заң бұзушылық алғаш рет орын алып отыр. Сол себепті де соттың оларға жеңілдікпен қарауына сотталушылардың құқығы бар. Осыған байланысты, кінәлі тұлғаларға ақшалай айыппұл салу дұрыс әрі орынды болар еді деп пайымдаймын. Және де салынған айыппұлды өтеп беруге өз басым дайын екенімді жеткіземін.

Бұл орайда, сізден Бас прокуратураның аталған шешім бойынша наразылық білдіру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұрап, сотқа сотталушыларға қатысты адамгершілік танытуына ұсыным білдіруіңізді сұраймын.

**Құрметпен, А.Перуашев**
**«Ақ жол» партиясының төрағасы,**
**ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты**

---

# АЛАШ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯМЫЗ

**Қазақ үшін «АЛАШ»-тан басқа ұлттық идея жоқ. Оны іздестіру не қолдан жасау қажет те емес. Еліміз үшін «Алаш» идеясы – ауа мен еркіндік сияқты туа біткен төл ұғым. «Ақ жол» партиясының төрағасы дәл осындай пікірімен құрылтай делегаттарымен бөлісті.**

«Тәуелсіздіктің негізінде, қазақ халқының азаттыққа және мемлекеттілікке тарихи ұмтылысы ретінде «Алаш» идеясы жатыр» – деді Перуашев. «Ақ жол» партиясы «Алаш» ұстанымын Қазақ ұлттық идеясы ретінде қарастырады, өзін оның рухани ізбасары деп біледі және мемлекеттік құрылыста, экономика мен рухани өмірде «Алаш» ұстанымдарын насихаттайды. Атап айтсақ: парламентаризм, бәсекелестік, ресурсты ұлтшылық, жаңғырту, ашықтық, білімді және зайырлы мемлекет. Осы ұстанымдарға Азат Перуашев ерекше назар аударды өз баяндамасында.

Сонымен қатар, депутат «Алаш» идеясы бүкіл халқымыздың ортақ мұрасы екенін ерекше айтты: «Біз «Алаш» идеясын жалпы халықтық деп есептейміз және оны жүзеге асыруда басқа да қоғамдық күштермен бірге атсалысуға дайынбыз. Біздің партияның да немесе басқа ұйымдардың да, «Алаш» идеясына ешқандай «айрықша құқықтары» жоқ», – деді Перуашев.



# ИСЛАМНЫҢ ИГІ ІСТЕРІ

**Қазақта еліме болсын деп қайрат көрсетіп жүрген қайыспас қара нарлар аз емес. Ерен еңбегімен де, руханиятқа қамқор рухы биік қайраткерлігімен де белгілі, исі қазақтың Исламы болып кеткен ағамыз жақында пайғамбар жасына 63-ке келеді. Бүгінде Ерін іздеген Елі редакциямызға хаттар легін ағытуда. Біз халықтың ықыласы мен алғысын білдіру мақсатында, сол ізгі лебіздерінің біразын «Исламның игі істері» деген айдармен жариялап отыратын боламыз! Парасат пен пайымның – Пайғамбар жасына толуыңыз Құтты болсын, Ислам Әлмаханұлы! Іздеп жатқан халқыңыздың ізгі тілегі періштенің құлағына жетіп, Алла жар болсын, жаратқан иеміз жақсы күндерде жарқын күйде жүздесуді жазсын деп тілейміз!**

*«Қазақ үні» газеті редакциясы*

# ЕСІМІНЕ БОЛМЫСЫ САЙ АЗАМАТ



2008 жылдың 20 ақпанын Сарыағаш халқы ешқашан ұмытпайды. Сол жылғы қыс оңтүстік өңірі үшін де аса қатты аязды келді. Соңғы бір-екі онжылдықта еліміздің ең оңтүстігінде орналасқан Сарыағаш ауданының аумағында жердің тоңдағанын, Келес өзені суының қатқанын көрген емеспіз. Сол жылы өзен суы қатпаса да, жер тоңдады. Ақпанның 19 жұлдызында алтынкүрек соғып, жылы жаңбыр жауды да, қыс бойы түскен қар бір күнде еріп кетті... Тоңды жерге сіңе алмаған ерiген қар суы адырлардан сай-сайды қуалай ағып, арнаға айналды да, көптеген елді мекендерді басып қалды. Қаншадан-қанша үйлер, әлеуметтік нысандар, мектептер құлады, жолдар мен көпірлер бұзылды. Айта кетейік, соңғы жылдарда көктемдегі су тасқыны көбейіп, ел соның зардабын тартып отырған жағдайлар көбейді. Ал, 2008 жылы Сарыағашта орын алған тасқын солардың алғашқысы болатын. Әлі елді мұндай апатты жағдайлардың зардабын жою тәжірибесі жоқтың қасы еді.

Күні бүгінгідей есімде. Ақпанның 19-нан 20-сына өтер түні «Сарыағаш» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы К.О.Балықбаев телефон соғып, таңғы 5-те аудан әкімшілігінің алдына келуім қажет екендігін айтты. Себебін түсіндірген жоқ. Айтылған уақытта келіп жеттім. Әлі таң ата қоймаған. Қар ұшқындап тұрды. Әкімдік ғимаратының алдында «Курорт-Барс-2020» ЖШС директоры Молдәлі Қолдасов, аудандық мәслихат депутаты, «БТА» банк бөлімшесінің басшысы Төребай Усманов мәшинелерімен тосып тұр екен. Ақтөбе ауылдық округін бетке алып жүріп кеттік. Молдәлі ағай: «Қызыләскерді» су басып қалыпты» деді. Бар айтқаны осы ғана. «Қызыләскер» ауылы Ақтөбе ауылдық округінің орталығы. Ауылдан өтіп, Сарыағаш-Мақтарал тас жолының «Ғани Мұратбаев» елді мекені орналасқан тұсына келдік. Күре жолдың 100 метрдей жерін су шайып кетіпті. «Ақылбексай» жақтан құлаған қарғын су тас жолыңызды бұйым көрмепті. Көз алдымызда көлемі бір Сырдария арнасынан кем емес қарғын суы ерен қарқынмен ауылдарға қарай ағып жатты. Ал ауылдарда күйген кірпіштен салынған үйлер саусақпен санарлық. Басым көпшілігі қам кірпіштен не саманнан тұрғызылған үйлер. Мына судың қарқынын қарап тұрып-ақ, зардабының көлемін бағамдау қиын емес еді.

Жағалауда сәл тұрып, Ақтөбе ауылдық округі әкімдігі ғимаратына беттедік. Ол жерде сол түннің өзінде су тасқынының зардабын жою бойынша облыстық штаб құрылыпты. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Ислам Әбішевті, Сарыағаш ауданының әкімі Ұласбек Сәдібековты, аудан әкімінің орынбасары Нәзира Тәшімбетованы сол жерде көрдік. Ауыл тұрғындары тұтас дерлік жиналған. Жылапсықтаған, ащы айқайға басқан әйелдер. Ғимарат баспалдағында Ислам Әлмаханұлы сөз сөйлеп тұр. Тұрған үйінен, мал-мүлкінен айырылған ауыл тұрғындарына басу айту, жұбату, сұрақтарына жауап беру дегеніңіз сол кезде оңай емес еді. Бірақ, Исекеңнің шешен тілмен айтқан сөздері, дауыс ырғағындағы нық сенім ашулы ауыл тұрғындарын бас изеуге мәжбүр етті.

Қазақтың «Ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен» деген сөзінің мәнісін сол кезде тереңдеу түсінгендей болдым. Басшы азаматтар резеңке етікпен аула-ауланы аралап кетті. Әр қадамда бір маңызды мәселе шешіліп жатты. Ал, мәселе дегеніңіз шаш-етектен. Үй-күйсіз қалғандары уақытша үймен, ыстық тамақ, жылы киіммен қамтамасыз ету керек. Су тасқынының зардабын түгел есептеп шығып, оларды қалпына келтіру жұмысын кешіктірмей бастау керек. Гуманитарлық көмекті шұғыл ұйымдастыру керек. Керек, керек, керек ...

Қалыпты жағдайда құрылыс жұмыстарын бастау үшін құжат жинақтаудың өзіне қанша уақыт кететінін мамандар біледі.

• Исеке, ыстық тамақ үшін етті қайдан аламыз? – деп келген Әлім деген азаматқа.

• Үйлерінде бордақылап отырған малдары барлардан малын бағасына келісіп сатып алыңдар да, тездетіп сойып, тамақ пісіріп беріңдер. Ақысын арнаулы қордан алатын боласыңдар, – деді Исекең.

• Үйлердің құрылысын бастау үшін тендер нәижелерін күтеміз бе? – деп сұрайды бір топ кәсіпкер.

• Тендерді күтпей, тездетіп салынатын үй, нысандардың іргетасын қалай беріңдер. Әрбір сағат санаулы. Күзді күтпей тұрғындарды үймен, оқушыларды мектеппен, науқастарды ауруханамен қамтамасыз етуіміз керек, – дейді Исекең.

Қысқасы, Ислам Әлмаханұлы Төтенше жағдайда қалай жұмыс істеу керек екендігінің үлгісін көрсетті. Аудан әкімі Ұласбек Сәдібековпен тізе қоса әрекет етіп, сол жылдың жазында-ақ 1450 үй, 4 мектеп салынды. Бұзылған жолдар жөнделді. Алғашқы үйлердің кілттері тұрғындарға жаздың бас кезінде-ақ беріле бастады. Ең алғашқыларына табыс етуге және атқарылған жұмыс нәтижесін көзімен көруге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі келді. Сол жиында сөз алған ауыл биі Еген Рабилов ағай Елбасы алдында сөз сөйлеп, «Бүгін Ақтөбе Бақтөбеге айналды» деді. Бұл шынайы лебізтұғын. Содан кейін Қазақтанда талай осындай апатты жағдайлар болды. Бірақ, Сарыағаштағыдай ұйымдастырушылықтың ерен үлгісін көре алмадық. Бұл Ислам Әлмаханұлы Әбішевтің күнді-күн, түнді-түн демей еткен еңбегінің, біліктілігінің, ерен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жүзеге асқан тірлік еді.

Сол жылдан бастап Исекеңнің өмір, еңбек жолына үңіліп, арнайы мақала жазғым келіп жүрді. Соның реті ағамыз 63 жас – Пайғамбар жасына толғанда келіп отыр.

Исекеңнің аудан, облыс басшылығына, республикалық деңгейдегі лауазымды қызметке келу жолы ешкімге ұқсамайды. Комсомолдан бастау алған еңбек жолында іскерлікті, бүгінгі тілмен айтқанда менеджерлікті талап ететін қызметтер аз болмапты. Осындай қабілетке ие басшы азаматтар көп емес.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданының әкімі болып істеген жылдарда аудандық несие серіктестігін құру туралы бастама көтеріп, республикада алғаш рет осы істі жүзеге асырды. Ауыл шаруашылығында фермерлікті дамытуға үлес қосқан бұл істі өзге аудандар іліп әкетіп, тәжірибесі республикаға таратылды.

**«Әкім бол халқыңа жақын бол» дегеннің жарқын үлгісін көрсеткен де осы Ислам Әбішев. Қай жерде, қай салада, қанша уақыт еңбек етсе де артында бедерлі ізі қалып, ел іскерлігін, адамгершілік қасиеттерін ауыз толтыра айтып жүреді. Бүгінгідей халық пен әкімдердің, жалпы шенеуніктердің арасы алшақтап кеткен мына заманда Өскеменде елді елең еткізген оқиға болды. Қаланы үш жылға жуық басқарған Ислам Әбішевті Астанаға шығарып салу үшін қаумалаған өскемендіктер әуежайға сыймай кетті. Бұл жерде біз Исекеңмен бірге жұмыс істеген әкімшілік қызметкерлерін айтып тұрған жоқпыз. Қысқа сақтаған қайнатпасын көтеріп келіп, көзіне жас іркіліп тұрып, жүрекжарды сөзін айтқан орыс аналарын, құрты мен ірімшігін алып келіп, ақ жол тілеген ақ кимешекті қазақ аналарын, ақ жарылып тұрып ақ батасын берген ақсақалдарды, елге қамқор болған қайраткерге қандастардың ыстық ықыласын жеткізген ақын қызды, ақ тілегін жеткізіп қалуға тырысқан қалың жұртты айтып тұрмыз... Иә, бұрынғыны қайдам, 2012 жылдың 5 ақпанында Тәуелсіздігіміздің 20 жылының ішінде кетіп бара жатқан әкіммен халықтың дәл осылай қимай қоштасқан жүрек толқытар көрінісіне Өскеменде куә болды ел». Біз бұл үзіндні белгілі ақын-журналист, Халықаралық «Алаш» сыйлығының және Халықаралық Сергей Есенин атындағы сыйлық – «Алтын күз» орденінің иегері Қазыбек Исаның «Қазақ үні» газетіне шыққан мақаласынан алып отырмыз.**

Біз бұл мақаламызда Ислам Әлмаханұлына басшы ретіндегі өз көзімізбен көріп, куә болған қасиеттерін ғана жаздық. Тарқата берсек, баспасөз құралдарында да, ел аузында жүрген де оқиғалар, әңгімелер баршылық. «Теңіздің дәмі – тамшыдан» дейді халқымыз. Басшыға баға беру үшін оның еңбек жолынан келтірілген бір-екі мысалдың өзі жеткілікті. Халық бағасынан артық әділ таразы жоқ. Біздің айтып отырғанымыз да негізінен өз жеке пікіріміз емес. Журналист бүкіл ақпаратты ой, жүрек сүзгісінен өткізіп барып, ел бағасына сүйене отырып қағазға түсіреді. Біз де солай еттік.

«Ислам» деген сөздің аудармасы болғанымен, мен бұл сөзді «Имандылық» деп түсінемін. Иманы бүтін адам ғана ислам талаптарын ұстанады, адамгершілік заңдарын ардақтайды. «Отанды сүю – имандылықтан» делінеді. Қасиетті хадистерде имансыздан отаншылдықты күтуге болмайды. Сондықтан да мақаламызға «Есімі болмысына сай азамат» деп тақырып қойдық.

Биыл Ислам Әлмаханұлы Әбішов 63 – Пайғамбар жасына келеді екен. Осы мерейлі жасында елге сіңген еңбегін әспеттеп, «жақсының жақсылығын айтқанды» жөн деп санадық.

**Мұрат БЕКЕЙ,**
**Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі**
*Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы*
*qazaquni.kz*



# ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫ ТӨРАҒАСЫ ЖАҚЫП АСАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

**Біздегі соттар қаралатын істі жіті тексермей, солақай шешім шығаратыны жөнінде мерзімді баспасөзде аз жазылып, телеарналарда кем көрсетіліп жатқан жоқ. Осыған байланысты Бас прокуратура немесе Жоғарғы сотқа жазылған арыздар да дұрыс қаралмайды, жалпылама жауап бере салумен құтыла салады. Ал, әрбір арыздың артында адам тағдыры тұрғанын құқық қорғау орындары мүлдем ескермейді. Оларға тезірек істі жауып, шешім шығарса болғаны. Неге?..**
**Осындай бір арыз, Алматы қаласында болған Медет Дәулетовтың өліміне қатысты Самат Лақбаевтың он бір жылға негізсіз сотталғаны туралы республикалық «Жас Алаш» газетінің үстіміздегі жылғы 21 ақпан күнгі санында «Ұрып-соққан үшеу, сотталған–біреу» деген тақырыппен жарияланған-ды. Мақалада бұл істе қандай заңсыздықтарға жол берілгені туралы әңгіме болған еді. Енді оқырман қауымға бұл мәселедегі айналып өтуге болмайтын, тағы да бірнеше маңызды тұстарды қайта көтеруге тура келіп отыр.**

# БІЗДІҢ СОТТАР ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСКЕ НЕГЕ

Сотқа қатысқан прокурор М.Рысбековтің айыптау қорытындысындағы қамтылған мәнжайлардың мазмұнына көз жүгіртіп көрсек, 2016 жылдың 10 қыркүйегі күні Әйгерім Қадырова бұрындары да оқта-текте қол жұмсап жүретін жігіті Медет Дәулетовтің себепсіз ұрып соққанына шыдай алмай, Рысқұлов пен Күдерин көшесінің қиылысында жалданып жұмыс істеу үшін тұрған екі жігітке мұңын шағып, «есем кетіп бара жатқан сол Медет Дәулетовтен кегімді алып, тәубесіне түсіріп берсеңдер әрқайсысыңа он мың теңгеден ақша төлеймін» дейді. Сол оқиға болатын күні өздерінің отбасымен араласып жүретін Ораз Лақбаевтың баласы Әйгерімге телефон шалады, әңгіме арасында Медет Дәулетовке кек түйген бойжеткен туған ағасы сияқты болып кеткен Самат Лақбаевқа да бір жігіттің өзін ренжітіп жүргенін, мүмкіндігі болса соны «тәртіпке» салып беруге қолқа салады. Одан әрі оқиға прокурордың айыптау қорытындысында баяндалғанындай Әйгерім жігіті Медет Дәулетовтің ұялы телефонына қоңырау шалып, «өзіңді сағынып жүрмін» деп алдап шақырып алады. Сүйген қызының ішке түйген сұмдығынан бейхабар Медет Дәулетов уағдалы жерге келген кезде ақша үшін жалданып, ақша үшін жан алуға әзір тұрған жігіттер мен Самат Лақбаев «Сен неге Әйгерімді ренжітіп жүрсің?» деген желеумен оны дүкеннің сыртына апарып, тепкілеп, соңынан көлігінің жүк салғышына салып алады. Бірақ Медет Дәулетовтің көрер жарық сәулесі бар екен, ол зырғыған көлік «Трудовик» ықшамауданы көшесінің қиылысына келген кезде жүк салғыш ғайыптан ашылып кетіп, түсіп қалады. Жәбірленуші өз күшімен сол күйі дереу Алатау ауандық ішкі істер басқармасына барып шағымданады. Ішкі істер басқармасының анықтамашысы 11 қыркүйек күні Медет Дәулетовтен өзіне қарсы жасалынған қылмыстық оқиға туралы өтінішин қабылдап алады. Құдайдың құдіреті, сол күні полицияға өз аяғымен келіп өтініш жазып, жауап беріп кеткен Медет Дәулетов қыркүйек айының 13 күні Қарасай аудандық ауруханасына ауыр жағдайда түсіп, 19 күні алған жарақатынан дүние салады. Сонда ол өлімге жеткізетін ауыр жарақатымен қалай ғана бір жұма емін-еркін сау адам сияқты жүрген деген сұрақ туралы ешкім ойланбаған. Айыптау актісінде баяндалған оқиғаның ұзынырғасы осы.

Мәселеге кез келген қылмыстық оқиғаны тергеу барысында ақ пен қараның аражігін ажыратудың орнына қолдарына түскендерді мүмкіндіктері келгенінше, қара есекке теріс мінгізіп, қаралауға бейім тұратын қылмыстық қудалау органының бұлжымайтын ұстанымы тұрғысынан қарасақ, Медет Дәулетовтің өліміне бір ғана адам айыпты ол Самат Лақбаев. Мемлекеттік айыптаушы М.Рысбековтің бірыңғай айыптаудан құралған қорытындысы да кем-кетігіне қарамастан істі қараған Алматы қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қасым Қалмағамбетовтің алдынан қамшы салдырмай өте шығып, іс әрекеті Қылмыстық кодекстің «Адам ұрлау» деп аталатын 125-бабының үшінші бөлігімен дәрежеленген Самат он бір жылды арқалап кете барды. Прокурордың сөзіне сенсек, Самат Лақбаев топ болып қылмыс жасап, марқұм Медет Дәулетовтің жанды жерлеріне соққы беріп, одан кейін сілікпесі шыққан жас жігітті көліктің жүк салғышына салып алған. Прокурор бұған дәлел ретінде қылмыстық топты ұйымдастырушы Ә.Қадырова мен жәбірленуші М.Дәулетовтің 2016 жылдың 10 қыркүйегі күні сағат 22.00 шамасында белгісіз тұлғалардың өзін шетке қарай сүйрелеп, тепкілеп, көліктің жүк салғышына салып алғанын баяндаған өтініштеріндегі деректерді келтіреді. Сонымен, шын мәнінде марқұм Медет Дәулетовті өлімші етіп тепкілеп, қазаға душар еткендер кімдер? Ашығын айту керек, бұл сұрақтың төңірегінде күдік те көп, күмән да аз емес. Тергеу барысында кінәсін мойындағанымен кейін жұмбақ жағдайда жазадан тыс қалып кеткен Әйгерім Қадырованың тергеуші С.Қамытбаевтың сұрақтарына берген жауаптарына сүйенсек, Самат Лақбаев Медетті тепкілемеген, бар болғаны жағынан екі рет шапалақпен тартып жіберген. Ал жалданып келген екі жігіт мүлде саусақтарының ұшын да тигізбеген. Сонда Медет Дәулетов кімдерден өлімші болып таяқ жеп жүр? Шапалақпен екі тартқаннан тіл тартпай кеткені ме? Ол мүмкін емес қой. Неге екенін тап осы сауалға күні бүгінге дейін нақты жауап табылмай тұр. Сотталушының әкесі Ораз Лақбаев сот мәжілісі үстінде жазылып алынған бейнетаспада куә ретінде жауап берген марқұм Медет Дәулетовтің бөлесінің де Самат Лақбаевтың екі мәрте шапалақпен тартып жібергенін естідім деген сөзі жазылып қалғанын айтады. Медеттің жақынының қазақылыққа салып, қанына тартпағанның қары сынсын демей, туған бөлесінің мүддесін емес, керісінше Самат Лақбаевты жақтап сөйлеуінде қандай сыр бар? Сірә да тергеу органына Медет Дәулетовтың ішкі істер органына түсірген мазмұны «үш жігіт сабады» дегенге саятын өтінішінен бөлек, С.Лақбаевқа адам ұрлап, оның қазасына себепкер болды деп айып тағуға Әйгерім Қадырованың өтініші мен марқұм Медет Дәулетовтің жақыны Дархан Желдібаевтің тергеуші С.Қамытбаевқа қыркүйек айының 10 күні куә ретінде берген жауабындағы «11.09 2016 жылы таңғы сағат 05:00 шамасында Медет Алматы облысы Қарасай ауданы Қырғауыл ауылы Алатау көшесі №3 әке-шешемнің үйіне келген кезде оң жақ қабырғасы ауырғанын айтты және өзін белгісіз үш тұлға Әйгерім атты қызына барған кезінде еш нәрсе айтпастан ұрып-соғып, тепкіге жыққанын айтты» деген сөзі де түрткі болған тәрізді. Дәл осындай жауапты Қарасай аудандық ауруханасының оташысы Берік Жұмабеков те қайталаған. Ауруханаға ауыр халде түссе де өзін үш адамның соққыға жыққанын марқұм Медет Дәулетов ішкі істер органының анықтамашысы М.Қайратқа берген жауабында да айтады. Алайда Самат Лақбаевтың әкесі 2016 жылғы 11 қыркүйектегі анықтамашы М.Қайрат жүргізген жауап алу хаттамасындағы қолтаңба мен М.Дәулетовтің бастапқы өтінішіндегі қойылған қолдың арасында жер мен көктей айырмашылықтың бар екенін, соңғы құжаттағы жазудың басқа кісінікі екенін, сондықтан да бұл күмәнді қағаздарға қолтаңбалық сот сараптамасын тағайындаттыру жөнінде ұсыныс жасағанымен оған Қылмыстық процестік кодекстің «Тергеуші» деп аталатын 60-бабының екінші бөлігінің талабына сәйкес істі өз өндірісіне қабылдап алу жөнінде қаулы шығармастан тергеу амалдарын өз қалауынша жүргізген тергеуші С.Қамытбаев пен прокурор М. Рысбеков және істі қараған судья Қасым Қалмағамбетовтің көз жұма қарағанын айтады. Ораз Лақбаевтың бұл күдігі де қисынға келеді. Үш адамның соққысынан соншама жарақат алып, іш майы жыртылған марқұм Медет Дәулетов 11 қыркүйек күні зыр жүгіріп, тергеуші С.Қамытбаевтың сұрақтарына жауап беріп, өтініш жазса, неге сол мезетте оған заң бойынша тиісті сот-медициналық сараптамасы тағайындалмаған дейді сотталушының әкесі Ораз Лақбаев. Сот отырысы барысында тергеушіге осы сауал қойылғанда ол мен М.Дәулетовті көрген жоқпын деп өтірік жауап берген. Осы тұрғыдан қарағанда сотталушының адвокаты Е.Артықбаев пен сотталушының әкесі О.Лақбаевтың марқұм М.Дәулетовтің қыркүйек айының 11 күні анықтамашы М.Қайратқа берген жауабынан кейін қолдан ұйымдастырылып жазылған, ондағы қолтаңба мен қойылған қол да өзге кісіге тиесілі деген сөздерінде жан бар тәрізді. Егер судья кезінде құлағы қылтиып көрініп тұрған осы күмәнді құжаттарды арнайы мамандардың көмегімен зерттетіп, тиісті бағасын бергенде айыпталушы тараптың көкірегінде мұндай күдік қалмас та еді ғой. Бұл да тергеушілер, прокурорлар мен судьялар тарапынан қылмыстық істі қалай болса солай жүргізгенін көрсетпей ме?

Үш ай мерзімге тергеу абақтысына қамалып, оқшауландырылған Самат Лақбаевтың ісінде процессуалдық заң бұзушылықтар баршылық. Қолданыстағы Қылмыстық процестік кодекстің «Күзетпен ұстау мерзімдері және оларды ұзарту тәртіптері» деп аталатын 151-бабының 5 бөлігінде «Күзетпен ұстау мерзімін одан әрі ұзартуға жол берілмейді, күзетпен ұсталып отырған күдікті, айыпталушы дереу босатылуға жатады» деп көрсетілген. Сотталушының адвокаты Е.Артықбаевтың айтуынша Алатау ауданының прокуроры осы тәртіпті бұзып, шығыс нөмірі 2-170112-17 істі 2017 жылдың 19 қаңтары күні сотқа жолдайтындығын, ол жөнінде ЛА-155/18 тергеу абақтысының басшылығын хабардар еткенімен неге екені белгісіз істі сол жылдың 20 қаңтары күні сотқа беру туралы қаулы шығарады. Адвокаттың дәлелдеуінше қылмыстық іс 19 қаңтардан 24 қаңтар аралығына дейін прокуратурада қимылсыз жатқан. Мұны заң бұзушылық емес деп айтпай көріңізші...

Марқұм Медет Дәулетовтің ауыр халде ауруханаға түскенін оның өмірі үшін арпалысқан дәрігерер қауымы да жоққа шығармайды. Тергеу органымен бірігіп марқұмның мәйітіне бірнеше рет сот сараптамасы да жасалынғанын айтады. Алайда сол сараптама қорытындыларының өзі М.Дәулетовтің ажалының тап неден болғанын нақты көрсете алмай шатасқанын байқауға болады. Мәселен, мәйітке тексеру жүргізген Рентгенология және сәулелі диагностика саласы бойынша маман Медет Дәулетовтің өліміне бүйрек қызметінің жетіспеушілігі себепкер болды деп қорытынды жасағанымен ол жөнінде түбегейлі байлам жасауға сырқат кітапшасындағы мәліметтердің жоқтығы кедергі келтіргенін көлденең тартады. Қызығы, мәйітке зерттеу жүргізген кейбір сараптама мамандары М. Дәулетовтің бүйрек тұсында 20 сантиметр көлеміндегі күлдіреп күйген жердің бар екенін көрсетіп, оны суретке де түсіріп алған. Тек сараптама мамандары мен дәрігерлер қауымы ол күйіктің неден және қалай пайда болғанын түсіндіре алмай, тұйыққа тірелген. Мұның өзі марқұм Медет Дәулетов ауруханаға түсетін күні басқа біреулердің соққысына жығылды ма екен деген күдікті күшейте түседі. Мәйітті зерттеу барысында жинақталған деректерге талдау жасаған сот сарапшысы Р.Тагированың өзі де мамандардың тұс-тұсқа тартқан жорамалдарының қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін ашып айта алмаған. Ол оның бір себебін «Зерттеуге ұсынылған медициналық құжаттарда клиникалық-зертханалық деректер болмауына байланысты, яғни, 13.09.2016 жылы бүйрегінің жұмыс істеу көрсеткіштері және биохимиялық қанға қатысты жүргізілген талдауы нәтижесі көрсетілмеуіне байланысты қатты бүйрек жетіспеушілігінің даму себебін анықтауға мүмкіншілік болмады. Бірақ та жоғарыда анықталған дене жарақаттары нәтижесінде бүйректің қатты жетіспеушілігі дамып пайда болуы екіталай, себебі ұсынылған медициналық құжаттарда травматикалық есеңгіреу туралы обьективті клиникалық деректер көрсетілмеген» деп негіздейді. Олай болса, марқұм Медет Дәулетовтің ағзасындағы бүйрек қызметінің ақауына денеге түскен соққылардың әсерінің болмағаны ғой. Р.Тагирова ол жөнінде 13.09.2016 жылғы Медет Дәулетовтің қанына жасалынған жалпы талдау нәтижесінде анықталған белгілерге сәйкес яғни, қанының құрамында ақуыз бен ликоцит және эритроциттің көп болуы оның несеп шығару жүйесінің ісіп қызару процесі болғандығын айғақтайды және сол процесс бүйрек жетіспеушілігінің дамуына себеп болуы мүмкін» деп жорамал жасайды. Кейбір білікті сарапшылар марқұмның өкпесінің жыртылу, өкпеқап және өкпе қалыңдығы астына қан құйылуы сияқты тағы да басқа ауыр соққыдан алынған жарақаттардың бүйрек қызметінің жетіспеушілігіне тікелей зардабын тигізуі мүмкін деп қорытынды жасаған. Бәрі дұрыс, тек марқұмның бүйрегі тұсындағы 20 см. күйіктің неден пайда болуы мүмкін? Оның бүйрек жұмысына, яғни тоқтауына қандай әсері болды? Ол туралы ештеңе айтылмаған. Талай адамдардың

көкірегінде жұмбақ қалпында қалған бұл сауалға да мамандар қауымы тұшымды жауаптар қайтармаған. Марқұм Медет Дәулетовтің өлімінің төңірегінде сыры ашылмаған жұмбақ нәрселер көп деп отырғанымыздың бір мәнісі де осында. Марқұмның ауыр соққыға жығылмай тұрып ауруханада жүргізілген сырқат кітапшасы табылып зерттелгенде, қазір дауға айналып отырған Медет Дәулетовтің бұрыннан бүйрек қызметінің жетіспеушілігі дертіне шалдыққандығы немесе ондай аурумен сырқаттанбағандығы жөніндегі бар ақиқат өз құпиясын ашқан болар еді. Сонда бұрыннан бүйрегі ауырып жүрген адамның медициналық картасы қайда кетті? Самат Лақбаевтың әкесі Ораз Лақбаев тергеу барысында Медет Дәулетовтің жарақат алып ауруханаға түскенге дейінгі мәліметтері түзілген сырқат кітапшасының табылмағандығын айтады. Әлде оны біреулер қасақана жоғалтып жіберді ме? Мүмкін тергеу органына ондай маңызды деректің қажеті болмаған да шығар... Марқұмның мәйітін арнайы зертханаларда зерттеген немесе

Тек бұл туралы тергеуші С.Қамытбаев та, прокурор М.Рысбеков те ләм-лим деп жақ ашпайды. Бейне бір олар үшін Әйгерім Қадырованың соңы адам өлімімен аяқталған мына қылмысқа мүлде қатысы жоқ сияқты. Тіпті, судья Қасым Қалмағамбетовтің өз үкіміндегі «... қорғау тарапы ұсынған жеке айыптау материалдарына сәйкес Қадырова полицияға арызданып, сот медициналық сараптамадан өтіп, ісі сотқа өткеннен кейін сот оған кемшіліктерді жоюға уақыт берген» деген сөзіне түсіну қиын. Судья онымен не айтқысы келді екен? Қадырованың полицияға арызданғаны дұрыс шығар, тек соттың оған кемшіліктерді жоюға уақыт бергені қалай? Ол қандай кемшілік, сот оған не үшін, не себептен оны жоюға уақыт береді? Бұл негізсіз ерекше жеңілдік? Үкімінің бір жерінде ғана аты-жөні аталып қалған Әйгерім Қадырованы судья одан әрі білмейтіндей кейіп танытып, « 06.10.2016 ж. Байланыс операторларынан сотталушы, жәбірленуші және өзіне қатысты іс материалдары бөлектенген адамның қолданыстарында болған ұялы

мен Әйгерім Қадырова мен белгісіз екі тұлғаның марқұм Медет Дәулетовке қарсы күш қолданудағы рөлдерінің қандай болғандығын анықтап алуы керек еді ғой. Қылмысты ұйымдастырушы Әйгерім Қадырова Самат Лақбаевпен бірге сот орындығына отырғызылып, жазаға тартылғанда тағылған айып төңірегінде мұндай сұрақ туындамай, жасалынған қылмысқа топ болып деген сипат беруге болар еді. Көз-көтігі сырт көздің өзіне бадырайып анық көрініп тұрған мұндай мін мен кемшілікті осы іске қазылық жасаған Алматы қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қасым Қалмағамбетовтің байқамай қалуы мүмкін бе? Бәлкім, судья Қылмыстық процестік кодекстің «Істің мән-жайларын жан жақты, толық және объективті зерттеу» деп аталатын 24-бабының бірінші бөлігіндегі «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сот өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауға құқылы емес» деген талабына жүгініп, тергеу ор-

# АТҮСТІ ҚАРАЙДЫ?

оның ақтың демі біткенше жанында болып, ота жасаған сот сараптамасының мамандарының пікірлері мен тұжырымдары қай тұсқа тартса да олардың түпкі ой-пікірлерінің түйіні марқұмның өлімінің себебі көзі тірісінде алған дене жарақаттары әсерінен болуы ықтимал деген қорытындыға маңдай тірейді. Сондай кезде тіл ұшына соншама ауыр жарақатты жалғыз Самат Лақбаевтың салуы мүмкін бе деген сауал оралады. Бірақ тергеу мен қадағалау органы да, олар бекіткен айыптау қорытындысының ізімен кетіп, үкім кескен сот та мұндай сұраққа жауап іздеп, күмәнді тұстарға ат басын бұрып аялдамаған, тек қылмыстың топ болып жасалғаны туралы жалпылама жалаң әңгіменің жетегінде кеткен. Тергеу органы мен соттың үкімінде жазылғанындай марқұм Медет Дәулетовке қастандық топ болып жасалынса, онда 2016 жылдың 11 қыркүйегі күні тергеуші С.Қамытбаевтың алдында қанды қылмысты өзі ұйымдастырғанын мойындаған Әйгерім Қадырованың заңды жазадан сытылып кеткендігі қалай? Қылмысты ұйымдастырушы сол емес пе? Тергеу органы мен прокуратураның марқұм Медет Дәулетовті Самат Лақбаевпен бірге тепкілеген екі тұлғаны тергеу амалдары барысында «белгісіз адамдар» есебінде қалдырғаны да түсініксіз. Қылмысты Самат Лақбаевпен бірге жасаған екі жігіт пен осы істі ұйымдастырушы Әйгерім Қадырова прокурордың айыптау қорытындысында да «белгісіз тұлғалар» деп танылса, сол адамдар Алматы қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қасым Қалмағамбетовтің үкімінде «анықталмаған», «қылмыстық іс материалдары бөлектенген» деген басқа атауға ие болды. Құқық қорғаушылардың көз алдында жүрген, қылмысты ұйымдастырған Әйгерім Қадырова қалай ғана «белгісіз», «анықталмаған болып шыға келген? Шын мәнінде осы жанжалды ұйымдастырып, оқиғаның бел ортасында жүрген Әйгерім Қадыроваға қатысты қозғалған іс материалдарының өзі (онда да іс қозғалса) тергеу амалдары барысында бөлектеніп кеткен. Не үшін? Жалпы Әйгерім Қадырова тергеу органы мен айыптау қорытындысын бекіткен аудандық прокуратура үшін кім? Күдікті ме, жоқ әлде белгісіз тұлға ма? Қылмыстық іске қатысы жоқ, бөтен адам дейін десең, адамдар тобын алдын ала ұйымдастырғанын тергеушіге берген жауабында мойындаған басқа емес, Әйгерім Қадырованың нақ өзі емес пе?

телефон номерлері бойынша ақпарат алынып, (1-бума, і.б. 75-104) оқиға орын алған жердегі базалық станциялар олардың ұялы нөмірлеріне қызмет көрсеткені анықталды» деп сілтеме жасайды. Бұл жерде судьяның іс материалдары бөлектенген деп сылап сипап, меңзеп отырған адамы Әйгерім Қадырова болса керек. Заң талабына жүгінсек, қылмысты ұйымдастырушы Әйгерім Қадырова жеме-жемге келгенде судан таза шығып, Самат Лақбаев пен өзара топ болып марқұм Медет Дәулетовті соққыға жыққандар «белгісіз адамдар» есебінде қалдырылса, айыпталушының әрекеті қалайша Қылмыстық кодекстің ең ауыр баптарының бірі болып саналатын 125-тің ұйымдасып жасалатын 3 бөлігімен дәрежеленеді? Тергеу органы Әйгерім Қадырованың қылмысын тасада қалдырып, марқұм Медет Дәулетовті соққыға жыққан екі жігітті белгісіздер санатына қосса, жалғыз жазықты Самат Лақбаевтың әрекеті әрі кеткенде 125-баптың төрт жылдан жеті жылға дейінгі жазаны қарастыратын 1-бөлігімен немесе өмірге, денсаулыққа күш қолдану арқылы жасалатын 2 бөлігімен дәрежеленуі керек емес пе еді? Алайда сот үкімінде судья Қасым Қалмағамбетов «Ал, Лақбаев болса алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен Дәулетовті ұрып-соғып тепкілеп, денсаулығына ауыр зиян келтіріп ұрлаған...», немесе «... Лақбаевтың әрекеттері адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан адамды ұрлау белгілері бойынша сараланууы тиіс» деп тұжырым жасаудан танбайды. Прокурор М.Рысбеков те сотта сөйлеген сөзінде Самат Лақбаевты жерден алып, жерге салып, «...Ә.Қадырова және тергеумен жеке басы анықталмаған екі бейтаныс тұлғалармен кездесіп, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы болып, М.Дәулетовті ұрып-соғу арқылы, көліктің жүк бөлігіне салып...» немесе «...С.Лақбаевтың және басқа да тұлғалардың қылмыстық пиғылы нақты М.Дәулетовті ұрлауға бағытталғандығының дәлелі болып табылады» деп мүмкіндік болғанынша сотталушының әрекетіне алдын ала сөз байласып, өзара рөлдерін бөліскен қылмыстық топтың әрекетін күштеп таңуға тырысады. Прокурордың айыптау қортындысымен судьяның үкімінде көрсетілгеніндей қылмыстық топ болып жасалынып, оған қатысқандар өзара атқаратын міндеттерін бөліп алса, онда тергеу органы ең алды-

ганымен тағылған айыптың шеңберінен шыға алмадым деп ақталатын да шығар, соның өзінде ортаға салынған дәлелдерді таразылай отырып, қайсысын есепке алып, қайсысын қабылдамай, әділ жаза тағайындау қазының қасиетті міндеті емес пе еді. Ондай жағдайда да істі қараушы судьяның ішкі сеніміне дәлелдемелердің жиынтығына негізделген деректер ғана алынып, зерттелмейтін бе еді? Алда-жалда бұл талапқа қанағаттанбасаңыз, Жоғарғы Соттың жоғарыдағы нормативтік қаулысының 3 бөлігінде «Судья дәлелдемелерді заңды басшылыққа ала отырып, яғни, дәлелдемелерді жинау және бекіту тәртібін белгілейтін құқық нормаларының сақталуын және жарамдылығын бағалайды» деген талап тағы бар. Өкінішке қарай өмірде қағаз жүзінде бекітілген осы талап ұдайы сақтала бермейді, ауыр қылмыстарды соттан амалдап өткізу үшін қисынға келсе де, келмесе де топ болып деген атау тағып, соңында сол айыпты адамдардың арасынан біреуін ғана кінәлі деп танып, сотқа жөнелту тек Алматы қаласындағы Алатау аудандық ішкі істер басқармасы мен аудандық прокуратурасында ғана емес, ол еліміздегі көптеген тергеу органдарында үйреншікті әдетке айналып кеткен емі жоқ кесел.Кезінде С.Лақбаевты кісі өліміне кінәлі деп танып, оны 11 жылға бас бостандығынан айырған сот үкіміндегі қанша қымтап, жапсаң да қисықтығы мен қиғаштығы көзге ұрып тұрған кемшіліктің бірі осы. Біздіңше, Самат Лақбаевқа қатысты атүсті жүргізілген тергеу амалдары мен сот үкіміндегі күдік пен күмәнға жетелейтін осындай күңгірт тұстар істің Жоғарғы Соттың кассациялық сот алқасында қайта қаралып, кінәсі толық дәлелденбеген Самат Лақбаевтың әрекетінің басқа бөлікпен дәрежеленіп, тіпті оның ақталатындығына жеткілікті негіз жасап тұрғандай.

Жоғарыда айтылғандардан байқап отырғанымыздай бұл істе шалалық көп. Оны тергеушілер, прокурорлар мен судьялар көрмеді ме, көргісі келмеді ме ол жағы өздеріне мәлім, солардың адамгершілік арына сын болсын. Бұндай іс жүргізуді заңгерлер біліксіздік деп атайды. Сонда осындай құқық қорғаушылар, осындай қара қылды қақ жаруға тиісті судьялар қалай ғана мемлекеттік қызметте жүр? Адамның тағдырымен ойнайтын мамандарға бұдан кейін қалай ғана сенім артуға болады?..

**Елеусіз МҰРАТ**


## «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІ мен ПОРТАЛЫ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗЕДІ

### ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН «ҚАЗАҚ ҮНІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІНДЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ мен ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақ үні» ЖШС – «Қазақ үні» республикалық газетінің меншік иесі.

«Қазақ үні» республикалық газеті – 2000 жылдың 11 тамызынан қазақ және орыс тілдерінде жарық көретін қоғамдық саяси апталық.

Газеттің форматы – А3

Газет аптасына 1 рет, дүйсенбі күні шығады.

Газеттің бір бетіндегі жарнама көлемі – 996 ш.см.

Апталық тираж – 15 100 данадан артық.

2019 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының Президент сайлауына қатысатын кандидаттарға сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға арналған баспа беттерін «Қазақ үні» газетінде жариялау талаптары жайында хабарлайды.

**Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын ұсыну тәртібі**

Үгіт-насихаттық баспа материалдары Газетке Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 3 тармағының 28 бабында көзделген көлемде, Газеттің меншік иесімен басылымнан орын беру туралы келісімге қол қоюға өкілетті тұлғаның қолымен ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Газетке модуль немесе мақала түрінде ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын Газеттің беттерінде орналасуын Редакция өзі анықтайды.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары газетке шығатын күнінен 3(үш) жұмыс күн бұрын беріледі.

Егер Президенттікке кандидат сайлауалдындағы бағдарламасында Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық, рулық араздықты қоздыру, қатігездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеяларын уағыздайтын болса, Газет үгіт үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

**Газет бетіндегі орынның төлемақысы мен оны төлеу тәртібі**

Үгіт-насихаттық және ақпараттық материалдар үшін басылым бетінен орын беру ақысы:

Дайын мақаланы немесе модульді ішкі-беттерге орналастыру 1ш.см. – 1100 теңге ҚҚС қоса есептегенде.

Дайын мақаланы немесе модульді 1-ші; 16-шы, 8-9-шы (бетке түрлітүсті бет) орналастыру 1 ш см. – 1200-1400 теңге аралығында ҚҚС қоса есептегенде.

Төлем Газет басылымнан орын берұі туралы тиісті келісімшартында көрсетілген банк реквизиттері бойынша немесе ұсынылған төлемшот негізінде алдын ала, төлемшот ұсынған күннен бастап 3(үш) жұмыс күні ішінде төленуі тиіс.

**Мекен-жайы: Алматы қаласы, Қалқаман-3, Сейітов көшесі – 11. Байланыс тел. 8/727/ 398-57-31; 8 701 750 04 21**

### ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН «ҚАЗАҚ ҮНІ» ПОРТАЛЫНДА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ мен ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақ үні» ЖШС – «Қазақ үні» порталының меншік иесі.

«Қазақ үні» порталы – 2009 жылдан бері қазақ және орыс тілдерінде жарық көретін қоғамдық саяси портал.

2019 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының Президент сайлауына қатысатын кандидаттарға сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға арналған баспа беттерін «Қазақ үні» порталында жариялау талаптары жайында хабарлайды.

**Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын ұсыну тәртібі**

Үгіт-насихаттық баспа материалдары Порталға Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 3 тармағының 28 бабында көзделген көлемде, сайттың меншік иесімен интернет басылымнан орын беру туралы келісімге қол қоюға өкілетті тұлғаның қолымен ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Порталға модуль немесе мақала түрінде ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын Порталдың беттерінде орналасуын Редакция өзі анықтайды.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Порталға шығатын күнінен 1(бір) жұмыс күн бұрын беріледі.

Егер Президенттікке кандидат сайлауалдындағы бағдарламасында Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық, рулық араздықты қоздыру, қатігездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеяларын уағыздайтын болса, портал үгіт үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

**Портал бетіндегі орынның төлемақысы мен оны төлеу тәртібі**

Үгіт-насихаттық және ақпараттық материалдар үшін интернет басылым бетінен орын беру ақысы:

Дайын мақаланы немесе модульді **www.qazaquni.kz** сайтында орналастыру (кеңістікті есептегенде әрбір 2500 п.б. дейін 1 күннен кем емес) – 60 000-100 000 аралығында теңге ҚҚС қоса есептегенде.

Төлем интернет басылымнан орын беруі туралы тиісті келісім шартында көрсетілген банк реквизиттері бойынша немесе ұсынылған төлемшот негізінде алдын ала, төлемшот ұсынған күннен бастап 3(үш) жұмыс күні ішінде төленуі тиіс.

**Мекен-жайы: Алматы қаласы, Қалқаман-3, Сейітов көшесі – 11. Байланыс тел. 8/727/ 398-57-31; 8 701 750 04 21**

*Жас Қаныш сырттағы жоғары оқу орнын бітіріп, елге оралар алдында қатты толқыды. Оның толқуының орны бөлек, әрине.*
*Бұл – сонау 1926 жыл еді...*
*Дегенмен, жас геолог-инженер Ресейде қалуға қолқа салған атақты оқытушыларына өзінің қалайда туған елге...*
*Қазақ даласына қайтуы қажеттігін бірден айтты. Керемет оқымыстылығымен қатар жалпы Сібір кәсіпорындарының дамуына айтарлықтай үлес қосқан профессор Усов мемлекеттік емтихандар басталмастан бұрын-ақ дарынды шәкіртіне:*
*– Геологиядағы жарқын болашақ туралы не ойлағаныңыз бар, жолдас Сәтбаев?!– деп тосын сауал тастағаны бар.*
*Кейде сүйікті студенттерін осылай көтере сөйлеуді ұнататын ұстаз емеуірінде оқу орнында қалып, ғылыммен айналысу туралы ұсыныс жатқанын Қаныш бірден түсінді.*
*– Бізді туған жерде де ірі шаруалар күтіп тұр ғой, Михаил Антонович! – деді әдетінше сыпайы ғана жымиып.*



# Ақжолтай

Мұғалім де сәл бас шайқап тұрып, күлімдеді. Ернін жымырып ап, құлана қарап қояды. Бұл «Енді қайтеміз! Амалым жоқ. Көңіл қалауына зорлық жүре ме!» деген түсіністік белгісі-тін. Сөз сөйтіп тәмәмдалған. Біраз жыл әкелі-балалыдай етене араласқан ұстаз бен шәкірттің жолдары екі айрылар сәтте кимастық сезімнің туындауы да қисынды, әлбетте. Қоштасарда екеуі ұзақ сырласты. Оқу орны іргесіндегі бақта қас қарайғанша серуендеп, ыңғайына қарай хабарласып тұруға уағдаласып тараған.

Ұлтының бағына туған ерен ұл өз иығына түскелі тұрған ұлы міндеттер салмағын іштей сезінгенімен, дәл сол сәтте жанындағы сүйетін Қазақ елі алдындағы өзінің тарихи тұлға ретіндегі салмағын анық түйсіне де қоймаған шығар. Иә, жас геолог-инженердің дәл сондағы ынта-шынтасы асқақ сөз бен бос дақпыртқа да, биік атақ-даңққа да емес, әйгілі оқу орны қабырғасында жинаған білім-тәжірибесін оралған бойда атамекен қойнауындағы қазба байлықтарын игеруді ұйымдастыруға ауған еді. Ол әлгі шақта арада екі жыл өтер-өтпесте-ақ өзінің Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар және Спасск кен аудандары мен Қарағанды көмір бассейні, Қаратау полиметалл қазба орындары туралы жазылған мақалаларының дүниежүзі геологтарын таң қалдыратынын да білген жоқ-ты. Бұған қоса осы кезеңде өзінің Орталық Қазақстандағы мыс кәсіпорындарының дамуына байланысты іске белсене араласып, Жезқазған—Ұлытау ауданындағы темір, Жездідегі мырыш, Байқоңыр мен Қияқтыдағы көмір, Қорғасындағы қорғасын кен орындарын барлау ісімен айналысып шарқ ұратынын... Алайда, осы жолда небір аумалы-төкпелі күндерді... айлар мен жылдарды өткеріп, маңдайы тасқа да тиіп, талай ауыртпалықтарға кезігетінін... Ақыр аяғында сол қиындықтарды жеңіп, біртіндеп сүйікті кәсібінің жемісін тата бастайтынынан да хабарсыз-тын.

Мұндай ұлы мұраттар алдында бір үміт, бір күдіктің итжығыс түсіп жатуы да заңдылық қой. Дегенмен, жас маман өз ақыл-парасаты мен жігер-қайратына бек сенімді еді.

Бұл түгескен Том технологиялық институты мен сондағы политехникалық университет о тұста Еуразия құрылығының солтүстігіндегі сирек жоғары оқу орындарының бірі. Кейін төрткүл дүниеге аттары жайылған небір ғылым-білім марқасқаларының осынау шаңырақтардан түлеп ұшқанын бүгінде біреу білсе біреу білмейтіні рас. Мұндағы оқу орындарында дәріс алу алыс шет елдерде де тұратын талай талантты қыз-жігіттің қол жетпес арманы болатын. (Қаныш осы қасиетті шаңырақтардан өзінің алдында Жақып Ақбай, Әміре Айтбақин, Асылбек Сейіт, Мұрат Сейіт, Әлімхан Ермеков сынды жерлестерінің де қанаттанғанын іштей мақтан тұтатын еді). Міне, сондай даңқтылығынан да шығар, Том ежелден «Сібір Афинасы» атанған.

Сол Технологиялық институтта болашақ жары Таисаны... Таисия Алексеевнаны жолықтырды... Жоқ, анығында, осынау меруерттей мөлдіреген сұңғақ бойлы аруды алғаш Семейде көрген. Әлдененендей шаруамен жолы түсіп бір барғанында сондағы Мұғалімдер семинариясына бас сұға қалған еді. Сабақ уақыты болса керек, тым-тырыс тұрған ұзын дәлізбен өрлеп барып, екінші қабатқа көтеріле бергенінде кенет алдынан ақ халат киген қарақат көз бір сұлудың қарсы шыға келгені. Байқамастан бір-біріне қарай асыға басқан екеу, тіпті кәпелімде, қақтығысып та қала жаздады.

– Ой, ғафу етіңіз!..

– Кешірерсіз...

Осындай ыңғайсыздық туындаған сәттерде өз-өзінен айтылатын лебіз екеуінің аузына қатар іліккен. Жігіт бейтаныс бойжеткеннің аққұба реңі нарттай қызарып кеткенін аңдап қалды. Алаулаған алма жүзінде ерекше бір иба... Айрықша бір тартымдылық бар екен. Енді бір қарағанында қоңырқай қолаң шашын желкесіне түйген қыз үріккен еліктей ұзын албардың екінші шетіне шығып үлгеріпті. Мүмкін өзін қарақат көз деуге де келе қоймас. Көзі мойылдай болмаса да қарақоңыр сияқты... Әйтеуір көкшіл де, жасыл да емес. Орыстар мұндай сұлуларын черноглазая деп әспеттер-ау... Сол жанардан жалт еткен от ұшқыны мезетте жігіттің сезімтал жүрегін шарпып өткен...

Қысқасы, Қаныш ойда жоқта кеудесіне нұр ұялатқан әлгі жанды талайға дейін ұмыта алмай қойды. Ақыры сондағы жолдастарынан аты-жөнін сұрастырып барып тыншығандай еді. Аталған оқу орнында лаборант болып жұмыс істейтін Тася Кошкина деген қыз екен. Жаратылысы бөлек... Бекзат бітімді, білімді десең білімді... Сендей талғампаз серіге адал жар болуға лайық қыз, керемет адам деп мақтады таныстары.

Біреулердің мақтағанына да байланысты емес шығар... Неден екенін, уақыт өте келе мазадан айырылды... Күндіз-түні есінен шықпайды. Тынши алмапты. Қайта тек соны ғана ойлай беретін «кеселге» ұшырады...

Ғажап болғанда, арада бірталай өткенде тағдыр екеуін Том Технологиялық институтында қайта жолықтырған. Екеуінің таңдаған мамандықтары да бірдей болып шықты. Факультеттері ортақ екен...

Тіл табысулары қиынға соққан жоқ-ты. Кейін сырласа келе белгілі болғанындай, сонау Семей кездесуінде-ақ осынау айрықша сымбатты қазақ жігіті орыс сұлуын да бей-жай қалдырмаған көрінеді. Бәлкім, тағдыр деген осы ма, ол да мұны бір көргеннен ұнатып қалса керек. Екі жас ақыры үйленуге уәделескен. Күндердің күнінде Таисия тартымды келбетімен ғана емес, ерекше ақыл-парасатымен де баураған сүйгенімен жер түбіне кетуге де даяр екенін жасырған жоқ-ты. Қылықты да, ақылды Тасясын Қаныш та қазақша «сәулем, жаным» деп еркелетеді...

Міне, сөйтіп оқу біткен соң сол қалыңдығын Томда қалдыра тұрып, республика астанасы Қызылордаға тартуға тура келді. Жолдаманы сол жерден алуы қажет. Күйеу жігіт болашақ зайыбымен өзі белгілі бір орынға бекіп, әбден орналасқан соң ғана барып отау құруға сөз байласты.

Бір жақсы жері, институт ол шақта жұмыс орнын таңдауды жас маманның өз еркіне беретін.

Қызылорда Қанышқа қазақтың су жаңа инженер-геологын, яғни, өзін сонша қуана қарсы алғандай көрінді. Ауа райының әсері солай болды ма, әлде жолай ұшырасқан қала тұрғындарының қас-қабағы жылы ұшырады ма, әйтеуір, бір ерекше шуақты аңдағандай...

Үкімет үйін тез тапқан. Мән-жаймен танысқан ондағы білікті азаматтар Қанышқа көп ойланбастан-ақ өндіріс саласындағы лауазымды қызметтердің бірін ұсынды. Бірақ жас жігіт биік кеңседегі жайлы орынтақтан бас тартып еді. Бұл әрекетін айлығы да, шайлығы да тәуір... Және орталықтан қолма-қол кең пәтер аласың деп үміттендірген биліктегі ағаларын қатты таңырқатып, алдымен әдейі оқуын түгескен кәсібімді игергенім жөн ғой деп түсіндірген-ді.

Жылы жерден қашып... Иен дала, құла түзге кен іздеуге кетем деп құлшынып тұрған жас инженерді кім ұстасын, ақыры Қазақтың Орталық Халық Шаруашылығы Кеңесі (КазЦСНХ) ойласа келе оны Атбасар түсті металдар тресіне жолдауды ұйғарды. Ыстық-суығы басылмаған кешегі студенттің алған бетінен қайтатын түрі көрінбейді...

О тұста трест мекемесінің басқармасы Мәскеуде болатын.

Қаныш енді көп бөгелмей құстай ұшып келіп, Одақ орталығына аттанатын пойыздардың біріне билет алу үшін кезекке тұрды. Дәл сол күні, ерегіскендей, ығы-жығы вокзалда Ресей бағытына сапар шегушіге ынтыққан жүргіншілер де қаптап кетіпті. Теміржол ғимаратында



# ЖІГІТ

иінтірескен жолаушының көптігі сонша, ине шаншыр орын жоқ. Таңертеңнен кешке дейін табанынан тозып жүріп бір билетке зорға іліккен-ді.

Расында да, жаны сүйген ісіне тезірек кірісуге құмартқан адамға мұндай кедергілер... Тіпті, сонау Томнан – осында... Бұдан енді Орынбор... Самара арқылы алып құрылықты олай бір-бұлай бір, ойқастата кесіп баруға мәжбүр ететін азапты жолдың алыстығы да ешбір бөгет жасай алмайды екен.

Онда Қаныш оқу бітірерден бір жыл ғана бұрын СССР Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің арнайы қаулысы бойынша құрылған Атбасар түсті металдар тресі Спасск және Қарсақбай комбинаттарын қамти-тын. Спасскіге Қарағанды көмір бассейні, Өспен мыс мыс руднигі және Спасск мыс қорыту зауыты қараса, Қарсақбай құрамына енді ғана салынып жатқан сондағы мыс қорыту зауыты мен Байқоңыр көмір шахталары, Жезқазған мыс кеніштері және Қорғасын кен орны кіретін-ді.

Трест басшыларына Қаныштың ойы да... бойы да ұнады. «Жер бетінде жайсаң жандар аз емес» деп әлдебір әнде шырқалатынындай, мұнда да жақсы адамдар... және өз ісінің хас шеберлері жеткілікті екен. Әдетте, ондай кісілер әділ де, қайырымды келеді. Міне, осылар жас маманның дарыны мен қарымын бірден байқап, лайықты бағалаған.

Осылайша жас Қаныш Сәтбаев бірден сонау ауқымды аумақтағы геологиялық бөлімнің бастығы болып тағайындалды. Бұған қоса сондағы барлық барлау қызметі осы жігітке сеніп тапсырылды.

Сенім дегеннің құдіреті айтпаса да түсінікті ғой. Өндіріс жетекшілерінің ықыласы кеше ғана оқу орны аудиториясынан шыққан талапты жігітті қатты шаттандырған. Осылайша «айы оңынан, күні солынан туып», Мәскеуден қанаттанып қайтқан жас геолог бірден Қарсақбайды бағытқа алған-ды.

Шынында, бұл да айтуға ғана жеңіл сапар еді...

Жаңадан салынып жатқан Қарсақбай зауытына ең жақын нүкте – Жосалы стансасынан сол анау межелі жеріңізге дейінгі аралық 420-430 шақырым! Түсесіз де, төтесінен тартасыз. Ат кездесе атпен... Көбінесе түйемен.

Сөйтіп Бетпақдала тұсынан үздіксіз соққан аптап жел өтіндегі шетсіз жатаған шоқылардың боз бетегесі мен тырсығын, ақ сораңы мен көкпегін кешіп, кейде құмдауыт алқаптың етекті жыртатын түп қарағаны мен тобылғысын, сарсазанын айнала, сай-саймен ирелеңдете салып отырып, әрине, ит-құс пен шөлден аман болып, итіндеп жүре берсеңіз он түн, он күн шамасында жетіп те қаласыз. Жолшыбай араға жетпіс-сексен шақырым салған сайын шашырай орналасқан жеркепе жайлар ұшырасып қалады. Ондағы тұрмысы жүдеу тұрғындардың алдыңыздан күтіп алып, аузыңызға қымыз-сусынын тоса қоюы да екіталай. Ал өздігіңізден жан шақыруға қам жасап, қауға тастасаңыз, құдықтарының да суы кермек...

Әйтеуір, со маңда ат шалдырған кейіпте едәуір күйбеңдеп жүресіз де, жолды және жалғастырасыз. Ұзап бара жатып әлгі үйлерден дереу тізіле шыққан аш-арықтау әйелдер мен шиборбай балалардың артыңыздан таңырқап, секиіп қарап тұрғанын көресіз. Осылайша сағым ойнаған сары даланың құмтышқаны мен атжалманын, сұржыланы мен кесірткесін үркітіп, қайтадан аяңдайсыз.

Аңызақта тасторғайдың шырылы да сонша ащы естіледі-ау. Арагідік көз ұшында бастарын тұқырып алып, бұлдыраңдап маңып бара жатқан киіктер легін көз шалады. Кейде қыр астынан құйрықтары шошаңдап, тышқан аулаған түлкі-қарсақтың сұлбасын байқап қалуыңыз кәдік...

Қаныш пойыздан түскенде Жосалының кәдімгі... алып тасымалдау базасына айналғанын көрді. Жыпырлаған жұрт теміржол шетінде алты жүз-жеті жүз қаралы түйеге құрылыс материалдарын, басқа да керек-жарақ құрал-жабдықтың бәрін теңдеп артып жатыр. Бұлардың да Қарсақбай, Байқоңыр бағытына жүретіні бесенеден белгілі еді. Жігіттің мән-жайына қаныққан осы көштің басшылары оны жандарына қуана-қуана қосып алды.

Жоқ... Қарсақбай алқабына да көктем келмейді емес. Тіпті, бұл өңір сәуірдің басы мен мамырдың орта тұсына дейін гүл-гүл жайнап, құлпырып тұрады. Құшағыңды жайсаң ауқымға сыймайтын көкмайса кеңістік ақша бұлттары жөңкілген көкпен астасып, көзді де қуантады, көкірек сарайыңызды да аша түседі. Мұндайда, шіркін, бүр жарған шағындағы майқара мен басжусанның лебі жетсе мұрныңызға! Һәм сай-сайдағы өрттей қаулаған қызғалдақ пен қызылот, қандыгүлді... жуашақты қоңырбас пен сабалақ төскейді керімсал тербеп, үп еткен самалға мың сан көбелек қанат тосып, қаңғалақ қағып тұрған сәтінде көңіл масайып, дүниеде мұнан асқан жер жәннаты бар дегенге сене де алмас едіңіз. Алайда осы ғажайып кезеңнің ғұмыры тым қысқа. Әсіресе, Қарақұм кіндігінен ышқына үрлеп тұратын ыстық ауа көп ұзамай-ақ кенезені кептіріп, жолындағының бәрін құрғатып, өсімдік атаулыны жаппай күйдіріп, қуратып жібереді.

Бір ғажабы, не құпиясы бар екенін, саналуан кен байлығы дәл осындай кеберсіп жатқан қуаң далалардың қойнауында мол ұшырасады әдетте...

Көштің жүре түзелетіні де рас. Екінді ауа көп ыңыранып, берекесіздеу, бытырай қозғалған керуен едәуірден соң реттеліп, ырғаққа түсіп алған соң сылаңдап тартады да та отырады. Бос таңылғандықтан немесе арасалмағы аса ескерілмей тиелгендіктен қиқаңдап ауа бастаған жүк жүріп келе жатқанда-ақ қайта байлана салады. Кейбір кірешілер ә дегенде жүкті әдейілеп те бос артады. Себебі, оны қозғалыс үстінде теңдеу ыңғайлы. Осылайша кем-кетігі жөнделіп, қалыпты екпін алып алған тізбекті енді тоқтата қою да оңай емес.

Қазақ қай жерде бір-бірін қағытусыз, қыжыртусыз жүруші еді; сәлден-соң-ақ тұс-тұстан өзара қылжақтасқан уыт тілді жігіттердің қарқ-қарқ күлкісі де естіле бастайды. Мұның бәрі, әрине, көңіл серпілтетін көріністер. Осындайда бір сәт қажытқан жол сергелдеңін де ұмытып, жадырай түсесіз...

Көштің бір сәні – иттер. Алабайы, төбеті бар... Арагідік тазылары да кездесіп қалады... Керуеннің қос қапталын жағалай, бірі тұмсығымен жер тіміскілеп, екіншісі керісінше, мойынды қаздита шалқақ ұстап, бүлкіл қаққан бұлар да ұзын-сонар күш-көлік шеруінің салтанатын арттыра түседі. Осы суреттер мұндайды көре қоймаған Қанышқа кәдімгіше қызық.

Жолаушының жан серігі ой ғой, негізі. Жас жігіттің жүйрік қиялы бір мезгіл мынау алдыдағы іркес-тіркес жалпақ жондар өткерген жылдар тереңіне де сүңгіп барып қайтады.

Енді сайланған депутаттардың құрамына келетін болсақ, бұл жерде де негізгі ерік тағы да тұрғындарда. Егер кәсіпкер ұнамаса басқа да саладан ұсынылған үміткерлер баршылық, соларға дауыс берулеріне болады. Жасыратыны жоқ, депутаттардың басым бөлігі кәсіпкерлерден тұратыны рас. Заң бойынша олардың да депутат болуға құқығы бар. Дегенмен, біздің кәсіпкер-депутаттардың қала, аудан, сайлау округінде атқарып жатқан жұмыстары тұрғындардың көңілінен шығып жатқанына күнделікті өмірде көз жеткізіп отырмыз. Ең бастысы – депутат болып сайланған тұлғаның халыққа деген ниеті дұрыс болып, олардың талап-тілегіне дер кезінде назар аударып отыруы – тұрғындар тарапынан бірінші талап болып табылатыны белгілі. Өйткені, өздері сенім білдірген соң соларға үміт артады және талап етуге құқылы. Соған сәйкес халық қалаулысы болған соң депутаттар тұрғындардың мұң-мұқтажына назар аударып қана қоймай сайлаушыларының талабын қолынан келгенше, бар мүмкіндікті пайдаланып тілектерін орындауға тырысады. Депутаттардың қай саланың өкілі болса да, бұл талап бәріне бірдей. Енді кәсіпкер депутаттарға келетін болсақ, оның ешқандай кемшілігі жоқ дер едім. Керісінше кәсіпкер депутаттардың әсіресе материалдық жағынан мүмкіндіктері өзгелерге қарағанда көбірек. Аудандарда салынып жатқан балалар, спорт алаңдары, аулалар, одан бөлек жол, тротуар жолдарының бірқатары осы кәсіпкер депутаттардың өз қаражаты есебінен салынуда. Кейбір жағдайда бюджетте ескерілмеген жұмыстар шыға келуі әбден мүмкін, ондай жағдайлар жиі кездеседі. Ол жұмысты бюджетке енгізуге уақыт көп кетеді. Мысалы жолды шұғыл жөндеу қажет делік. Осындай қысылтаяң кезде сайлаушыларының тілегін орындау үшін кәсіпкер депутат өз қалтасынан қаржы шығаратын кездер де болып тұрады. Демек, кәсіпкер депутаттан пайда болмаса зиян жоқ. Бір ғана мысал, қазір көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларына ерекше назар аударыла бастады. Біздің қалалық депутаттар осы бағытқа арнап өз есептерінен 60 млн. теңге қаржы жинап берді.

Рас, түрлі деңгейдегі сайлаулар туралы әділ өтпеді деген сияқты небір әңгімелер айтылып жатады. Тағы да қайталап айтамын, сайлау жұмыстарын аумақтық сайлау комиссиясы жүргізеді, оның құрамына халықтың өз өкілдері кіреді. Әрбір комиссия заң бойынша бекітілген тәртіпті қатаң сақтауға міндетті, өйтпесе сайлау жарамсыз болып есептеледі. Заңымызда көрсетілгендей, таңдау еркі халықтың өзінде болуы керек.

**–Мәслихат пен әкімшілік арасындағы өзара байланыс қай деңгейде? Биліктің осы екі тармағы арасында қандай да бір келіспеушіліктер бола ма?**

–Мәслихат пен әкімдік арасында қазіргі уақытта тығыз байланыс орналасқан. Себебі, біздің мақсатымыз бір – алматылықтардың әл-ауқатын арттыру. Әрине, жұмыс болған соң, бюджет әкімгерлерімен, яғни, басқармалармен бөлінген қаражатты тиімді пайдалану бойынша сұрақтар туындап жатады. Онсыз болмайды. Дегенмен, талқылау мен пікір алмасу нәтижесінде ортақ бір шешімге келеміз. Өйткені, ортақ іс бұдан кемшілік көрмеуге, қала жұртшылығының әлеуметтік-тұрмыстық мәселесі дер кезінде шешілуге тиісті. Ал, ондай мәселе қай қалада болса да жеткілікті.

**–Мәслихат пен қалалық Қоғамдық кеңес арасында байланыс бар ма? Олардың ұсынысы қалай бағаланып, ескеріледі?**

– Қоғамдық кеңес қала халқының мүддесін қорғап, солардың ұсынысын, талап-тілектерін қала басшыларына жеткізе алатын бірден-бір қоғамдық ұйым. Қоғамдық кеңесті құру мен оның жұмыс тобын Мәслихат хатшысы басқарады. Осы жылы біз Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын қалыптастырдық. Кеңес құрамына қаламыздағы түрлі салада істейтін, елге танымал білікті мамандар сайланды, төрағасы – белгілі ғалым, қоғам қайраткері Рахман Алшанов. Заң бойынша Қоғамдық кеңестердің ұсынымдары мемлекеттік органдардың қарауы үшін міндетті болып табылады. Ол жағынан ешқандай кедергі болмау керек. Мәслихаттың сессиясына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің барлығы ең алдымен міндетті түрде Қоғамдық кеңестің қарауынан өтеді. Кеңес мүшелері әрбір мәселені егжей-тегжейлі қарап, өз ойларын білдіреді. Сондықтан, Қоғамдық кеңес мүшелеріне өз пікірлері мен ұсыныстарын енгізуге толықтай мүмкіндіктер берілген.

**– Бұқарамен жұмыс қалай іске асырылады? Депутаттардың өз сайлаушылары алдында есеп беруі қалай өтеді?**

–Мәслихат депутаттары өз сайлау округтерінде тұрақты түрде азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес, сонымен қатар партияның қоғамдық қабылдауында кездесулер өткізеді. Мысалы, әрбір аудандағы депутаттар партия немесе әкімшілік кеңсесінде қабылдаудан бөлек жергілікті жерлерге барып тұрғындармен кездесу өткізу тұрақты тәжірибеге айналған. Оның байланыс телефондарын өз сайлаушылары жақсы біледі. Кез келген жағдайда онымен хабарласып, қажет деген сұрақтарын қойып жатады. Айтылған мәселеге қатысты депутат оны шешуге күш салады. Кейін атқарылған жұмыстары туралы сайлаушылар алдында есеп беріп, кезекті талап-тілектерін тыңдайды. Әрине, бұл жерде депутаттың белсенділігі үлкен рөл атқарады.

**–Мәслихат депутаттардан тұрады. Депутаттар – халық қалаулылары. Заң бойынша халық қоғамды өз депутаттары арқылы басқаруы керек. Әкімдік атқарушы орган болып есептеледі. Бірақ іс жүзінде керісінше болып жатады. Осыны қалай түсіндіруге болады?**

– Депутаттар өз құзыреті шегінде ғана жұмыс атқарады. Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді. Әр азамат өзінің сайлау округі бойынша депутаттың қабылдауында болып, мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы, сондай-ақ өзі сайлаған депутаттың қызметі барысы туралы біле алады, оған ешқандай шектеу қойылмаған. Атқарушы органға сауалдарын депутат арқылы жолдауға және соған нақты жауап талап етуге құқылы. Әкімшілік немесе өзге де мемлекеттік органдар жағынан өз құқықтары бұзылса заң орындарына жүгінуіне де болады.

**– Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі халықтың белсенділігін арттырады, ол қалай іске асып жатыр? Ықшамаудандардағы жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері төрағаларын тұрғындардың өзі сайлап жүр ме? Әлде ескі әдіс бойынша әкімдік тағайындап жатыр ма? Оларды мәслихаттың шешімімен бекіткенде қандай ұстанымдарға басымдылық беріледі? Мысалы «Ұлжан» ықшамауданы тұрғындары өз арсынан төраға сайлаған. Жақсы жұмыс жасап жатыр. Бірақ, екі айдан бері оны заңды түрде бекітпеген? Оған кім кінәлі? Соған қарағанда ол аудан әкімдігіне ұнамайтын сияқты. Сонда халық талабы қайда қалады?**

– Жергілікті өзін-өзі басқару комитетерінің төрағалары аудан әкімдерінің ұсынуы бойынша, тиісті депутаттың келісімінен кейін мәслихат сессиясында бекітіледі. Үміткерді бекіткенге дейін ол профильдік комиссиясында талқылаудан өтеді. Үміткердің өмірбаяны, жұмыс тәжірибесі, жеке тұлғалық қасиеттері жан-жақты қаралып, оң баға берілгеннен кейін бекітіледі. Рас, тап осы Жергілікті өзін-өзі басқару мәселесі әлі де соңына дейін шешілмеген. Мысалы, бір ғана Алатау аудандында жиырмаға жуық ықшамаудандар бар. Олардың басым бөлігі бұрынғы облысқа қарап келгендер. Оның инфроқұрылымын дамытуға қаладан қыруар қаржы бөлініп іске асырылды. Ықшамаудандар бір-бірінен алшақ жатыр. Аудандық әкімдіктегі санаулы мамандар оның бәрін бақылап отыра алмайды. Сондықтан, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттеріне төраға міндетті түрде қажет. Демек оның статусын бекіту керек. Осы мәселені шешуге жоғарыға ұсыныс жасауды жоспарлап отырмыз.

**–Тап осы «Ұлжанда» бірнеше жылдан бері тұрмыстық қалдықтарды шығару мәселесі үлкен дауға айналды. Бұл туралы біздің газетімізде «Кәсіп күштінікі, бизнес білектінікі ме?» «Шенеуніктер халық үніне қашан құлақ түреді?» секілді сын материалдар жарық көрді. Бірақ оған әкімдіктен ешқандай жауап ала алмадық. Осы бағытта қалалық тендер дұрыс өткізілмейді. Қоқыс шығарушылар үйде тұратын нақты адам басына емес, тіркеуде тұрғандардың саны бойынша төлем талап етеді. Бұл ешқандай санаға сыймсыз талап. Қоқыс үшін бұрын 341 теңге болса қазір адам басына 553 теңге болып көтерілді. Оның себебі неде? Кәсіпкерлердің кірісі мен шығысын, көретін пайдасын кім есептепті?**

–Алматыда жылына кем дегенде 2,5 миллион текше метр тұрмыстық қалдық шығарылады екен. Бұл аз емес. Жалпы тұрмыстық қалдықтар мәселесі елімізде, біздің елімізде ғана емес, әлемнің көптеген мемлекеттерінде толықтай шешімін таппаған. Бұл қала экологиясына, одан қалды адамдарымыздың қауіпсіздігіне, дәлірек айтсақ денсаулығына тікелей әсер ететіндіктен оған бейжай қарауға болмайды. Сол себепті 2018 жылы Алатау ауданында қоқыс өңдеу зауыты іске қосылған болатын. Жаңа нысан еуропалық заманауи құрылғылармен жабдықталған. Экономикалық есептеулерге сәйкес, компанияның өндірістік қуаты Алматы қаласының қажеттілігін толығымен өтейді. Оған кеткен шығын да аз емес. Соған байланысты жаңа кешенді іске қосқан кезде тариф те өсті. Қалдықтарды жою және сұрыптауды іске асыру жұмыстары жан-жақты есептеліп, бір тұрғынға шақққанда айына 553,04 теңгені құрады. Оған қоқыстарды жинап кәсіпорынға жеткізу бағасы да кіреді. Айта кететін бір мәселе, тариф 2011 жылға дейін көтерілмеген, ал жанар-жағармай өнімдерінің бағасы осы уақыт аралығында екі еседен көп өсті. Демек, бағаның көтерілуіне жалпы экономикалық, қаржылық тағы да басқа себептер баршылық. Бұл бір ғана тұрмыстық қалдықтарды шығару мен өңдеу саласына қатысты жағдай еместігін тұрғындардың өздері түсінеді ғой деп сенемін. Баға өз алдына, осы саланың жұмысын ақсатуға болмайды. Адамдарымыздың денсаулығы – біздің бірінші байлығымыз екені белгілі.

**–Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Зейнолла АБАЖАН**

# ҰЛТТЫҚ
## ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ҒАЛЫМ

**Өткен жылдың мамыр айында 74 жасқа қараған шағында ауыр науқастан Қазақстанның ғылыми-техникалық ақпараттар ғылыми-зерттеу саласын дамытуда өзіндік үлес қосып, оның іргетасын қалаған белгілі ғалым,техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттану академиясының академигі, Қазақстан Республика Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі Бекет Арапбайұлы Кембаев өмірден өтті...**

Бар ғұмырын ғылыми-техникалық ақпарат саласына арнаған ғалым КСРО күйреп, тәуелсіздікті жаңадан алған Қазақстанның ғылыми-техникалық ақпараттар ғылыми -зерттеу институтын (ҚазмемҒЗТИ, қазіргі Ұлттық ғылыми –зерттеу техникалық орталығы) жаңадан басқарған кезі еді. Институт кеңес заманы құлағанан кейін тәуелсіз елдің ғылыми-техникалық базасын заман талабына сай жабдықтап, білікті де білімді мамандарды шақыру арқылы жұмысын бастаған. Тәжірибелі басшы аз уақыт ішінде Қазақстанда бірінші болып, мемлекеттің ғылыми диссертациялар фондын құрудың негізін қалап, оны бір орталыққа айналдырды. Ғылыми- техникалық зерттеу саласын бір жүйеге келтіріп, ғылыми еңбектерді жинақтап, сұрыптап реттеді. Ғылымға қатысты саладағы зерттеу жұмыстарды және өзге де еңбектерді сараптап, оның кітапханасын да жасақтады. Сонымен қатар ғылымға тікелей қарайтын әр облыстан 16 ғылыми- зерттеу техникалық орталықтар ашып, жұмыс істеуге мүмкіндік жасады. Сонымен қатар, республикадағы ғылымның әр саласында жұмыс жасайтын ғылыми-зерттеу институттармен де байланыс орнатып, жұмыстар істеді. Бекет Арапбайұлы тек институтты басқарып ғана қоймай, мемлекеттік бағыттағы республикалық ғылыми-техникалық зерттеудің ақпараттар бағдарламасына да басшылық жасап, тәуелсіз елдің ақпараттық жаңа жүйесін ғылыми тұрғыда қалыптасуына жетекшілік етіп, белсенді түрде ат салысты. Ғалымдарымыздың еңбектерін де жүйелеп, отандық ақпарат алудың негізін қалыптастырды. Оның сыртында ғылымдағы ізденушілерімізге арналған жаңа ғылыми төрт рефераттық журналдар шығарумен айналысты. Мекемеде сонымен бірге ақпараттары өңдеу, сақтау, іздестіру және тарату технологиялары да меңгерілді. Кеңес заманында шығып келген «Қазақстан ғылымы» атты газетті қайта тірілтіп, Қазақстан ғылым мен жоғары мектептерге арналған айына екі рет шығатын «Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі – Наука высшая школа Казахстана» деген жаңа басылымды өмірге әкелді. Газетте белгілі ғалымдары мен жоғары оқу орындарынын ректорларының көкейкесті мәселелерін жиі жарияланып тұруына баса назар аударып, Ұлттық Ғылым академиясымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Басылым ғылымдағы белгілі тұлғалардың мінберіне айналып, заман талабына сай шығып тұрды. Уақыттың ауыр да қиын кезеңдерінде қаржының тапшылығына қарамастан, ұжымды сақтай отырып, институтта ғылыми-техникалық зерттеу жұмыстарына қатысты республикалық және халықаралық конференцияларда жиі ұйымдастырылды. Оған алыс, жақын шетелдерден және ТМД елдерінің ғалымдары шақырылып, басқосуларды өткізумен де айналысты. Сонымен қатар, Бекет Арапбайұлының басшылығымен институттың құрылымы мен іс тәжірибесі де кеңінен насихатталып, алуан түрлі шараларда ұйымдастырылды. Институттағы игілікті іс, аз жыл ішінде Қазақстанға емес, шетелдерге танылып үлгерді. Ғылыми-техникалық ақпараттар базасын дамытуда және жаңа ізденістермен жетістіктер де өз нәтижесін берді. Ғалым басшының мұндай жетістікке жетуі – ғылымдағы көтерілген баспалдағы мен іскерлік ұйымдастырушылық қабілеті арқасында жеткендігін дәлелдейді.

Бекет Арапбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысында мұғалімдер отбасында дүниеге келіп, Леңгір ауданындағы Қасқасу ауылының қазақ орта мектебін күміс медальмен бітірген. 1967 жылы Алматыдағы ауылшаруышылық институтының механика факультетін бітіргеннен кейін еңбек жолын оқу орнының «Жылутехника» кафедрасында ұстаздықпен бастаған. 1971-1983 жылдар аралығында Жамбыл облысының Гвардия ауылында ауылшаруалығы саласына қарайтын ғылыми-зерттеу орталығында инженер, аға инженер, кіші, кейін аға ғылыми қызметкер болып, ғылымға бет бұрады. 1980 жылдары Ресейдің Обинск қаласындағы Бүкілодақтық ауылшарулығына қарасты Радиология ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер бола жүріп, радиология саласы бойынша биология ғылымдарының кандидатты атағын қорғайды. Жас ғалымның ғылыми еңбегін Ресейдің атақты ғалымдары – Р.Алексахин, Б.Жуков, Е.Одинцевалар жоғары бағалап, алдағы уақытта бұл еңбектен докторлық қорғау туралы кеңестерін береді. Бірақ ол өзі білім алған ортасына қайта оралуды ойлайды. Алматыдағы ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімінде ғылыми-зерттеу ақпарат бөлімінің бастығы, ғылыми хатшысы, бас ғылыми хатшысы қызметін атқарады. 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономика комитетінің ғылым бөлімінің бастығы, 1992-1993 жылдары Бекет Арапбайұлы Қазақстан Республикасы Президент аппараты мен Министрлер Кабинетінің ғылыми-техникалық саяси бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істейді. «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы» акционерлік қоғамының вице-президенті қызметін атқарады. 1993 жылдың мамыр айынан бастап, Қазақ мемлекеттік ғылыми-зерттеу техникалық институтының тізгін ұстаған Бекет Арапбайұлы мекемені қатарынан он жыл басқарған кезде өзінің нағыз іскерлік басшылығының көзге түсті. Институт елімізге танылып, ТМД елдеріндегі ірі ғылыми-техникалық зерттеу орталығына айналуы білікті де, білімді басшының еңбегімен келгені рас. Ұжымдағы мамандар 34 базасымен тікелей жұмыс істеп, оның 22-і интернеттік жүйемен жұмыс істеді. Шетелдік ғылыми-техникалық орталықтармен ынтымақтастық байланыс орнатып, тәжірбие алмасып отырды. Бекет Кембаев 1998-2000 жылдары екі халықаралық бағдарламаға координатор болса, 1997-1999 жылдары мемлекетаралық координациялық кеңестің төрағасы бола жүріп, ғылыми- техникалық зерттеу ақпаратының жұмысын елімізде ғана емес ТМД-да бірлесіп жұмыс істеуді жандандырды және келісімшарттар жасауы да үлкен жетістікке жеткізді.

2000 жылы Бекет Арапбайұлы Қазақстан Республикасың атынан ТМД елдері арасындағы мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттандырудың координциялық кеңесіне қатысып, ШЫҰ және Орталық Азия аймақтық мүше елдерінде ғылыми-техникалық ақпарат ресурстарын халықаралық бағдарламасын жасауға да атсалысады. Елімізде ғылыми-техникалық зерттеу жұмыстарының теориялық және практикалық ізденістері мен проблемаларын жинақтауда ауқымды жұмыстар атқарды. Бұл салада Бекет Кембаевтың 121 ғылыми еңбегі жарық көреді. Сондай-ақ, ол халықаралық форумдарда әлде неше рет ақпараттану ғылымының дамуы мен проблемасы жөнінде баяндама жасауы да ғалымның жетістігі мен білгір маман екенін дәлелдейді.Оның институтта он жылдық жұмыс тәжірбиесі мен ізденісіне арнаған «Система научно-технической информации Республики Казахстана: состояние и перспективы развития» атты монографиясы ғылыми қоғамда және Қазақстан мен ТМД елдерінде жоғары бағаға ие болған еңбек екендігін ғалымдар мойындаған. Бекет Арапбайұлы осы монографиясымен халықаралық ақпарат академиясының вице-президенті атанса, Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясы мен халықаралық инженерлік академиясының корреспендент-мүшесі деген құрметке де ие болады.

Білім мен ғылымға шын жанашыр болған азамат саналы ғұмырын ғылымға арнағаны оның артында қалған ғылыми еңбектерінен көрінеді. Бекет Арапбайұлы ғылыми-ақпарат саласында 169 ғылыми еңбек жазса, шетелдік басылымдарда 10 мақаласы жарияланған және 4 монографияның, 12 кітаптың авторы, 3 ғылыми еңбегі үшін авторлық куәлік алған ғалым. Оның екі монографиясы үш рет қайта басылып шыққан. «Вестник образования и науки» атты төрт сериялы рефреттік журналдардың бас редакторы болып және де «Қазақстанның ғылым жаңалықтары» ғылыми-техникалық жинақтардың редакциялық кеңесінің төрағасының орынбасары қызметін де атқарды. Тәуелсіздікті жаңадан алған қазақ елінің ғылымы мен техникасының жетістігін насихаттайтын қуатты құралдың бірі газет екенін жақсы түсінген Бекет Арапбайұлы «Қазақстан ғылымы» атты жабылған газетті жаңаша қалыптастырып, «Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі» басылымын дүниеге әкелді. Ол өз уақытында жақсы басылым болып, республикаға тарады. Бекет Кембаев қай қызметте болсын оны үлкен абыройымен атқарған іскер, әрі тамаша ұйымдастырушы екенін өз ісінде дәлелдей білген жан. Ғылымда ізденгіш, зерттеуші, аса білімді, әрі шыншыл, турашыл, үлкен парасатты жан екендігін көп жылдарғы қызмет тәжірибесінде көрсетті. Үлкенге іні, кішіге аға болып, бойындағы адамгершіліктің ізгілік ізетімен, қарапайымдылықтың қайырымды жақтарымен де танылған азамат ретінде көптің есінде қалды. Ол қарапайым инжерден үлкен ғалым, әрі басшы болуы еңбекқорлығының, жаңашылдығының арқасында екені рас. Оның еңбегі қашан да бағаланған. Ғалым ТМД елдері арасында мемлекетаралық және республикада ғылыми-техникалық ақпараттарды дамытудағы еңбегі және қол жеткізген жетістігі үшін «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіе 10 жыл» мерекелік меделімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаталуы да адал еңбегінің жемісі. Бірнеше мәрте ТМД елдерінің мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпарат кеңесінің марапаттарына ие болған. Оның өмірбаяндық қызметі туралы да «Кто есть кто в Республике Казахстан» атты анықтамалыққа енуі де бекер емес. Сонымен қатар Англияның Кембриджедегі халықаралық библиография орталығының «ХХІ ғасырдағы ақпарат ғылымындағы жетістігі» медалін иеленуі де үлкен жетістігі. Бекет Арапбайұлының Қазақстанның ғылыми-техникалық ақпарат саласын дамытудағы еңбегі мен оның іргетасын қалаған белгілі ғалым ретінде еліміздің тарихында жазылып, мәңгі есте қалары сөзсіз. Ол тұңғыш рет Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар теориясын зерттеп, осы сала бойынша бірінші болып докторлық диссертация қорғаған ғалым ретінде де ел есінде қалды.



**Жексен АЛПАРТЕГІ**



# ЖАРЫҚТЫҚ АСЫЛХАН МОЛДА ӘУЛИЕ АДАМ ЕДІ

Ел үшін елеулі еңбек еткен тұлғаларымызды еске алып, солардан қалған асыл мұраларын, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай еңбектері мен қызметтерін насихаттау жақсы үрдіс.

Айтылар сөз Сыр бойының, дәлірек айтсақ, тарихи аты Шөгірлі, қазіргі Байтоғай, Сүткент өңірінің тумасы Асылхан молда Достайұлы жөнінде.

Асылхан молда Достайұлы 1912 жылы Сыр бойында дүниеге келді, жастайынан ауыл молдаларынан тәлім алып діни сауат ашты. Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған соң дін жолына түбегейлі бет бұрып, ата дініміз исламды тереңдетіп оқып-үйрене бастады. Осы ізденістерін өмір бойы жалғастыра берді. Мазмұны да, кітап қоры да мол діни кітапхана құрастырып, көптеген шәкірттер тәрбиеледі.

Асылхан атамыздың өмір жолы мен сан қырлы еңбектері Шардара ауданының Сүткент ауылында Асылхан молда Достайұлына арнап сол кісінің ұлы Досмағамбет өткізген үлкен аста кеңінен айтылған болатын.

Бұл кісі табиғатында өте еңбекқор, ізденгіш, әр мәселені кеңінен ойлайтын, шешімін тапқан соң шапшаң қимылдайтын азамат еді. Елдің рухани азығы ата дініміздің мүддесін қаймықпай қорғауы, оны ел ішінде совет заманы кезіндегі солақай саясатқа қармай кеңінен әрі табанды түрде насихаттауы үлкен ерлікке пара-пар жұмыстар еді.

Елді имандылыққа үгіттеумен қатар Асылхан атамыз Сыр өңіріндегі тарихи ескерткіштерді бүлінуден аман сақтап қалуға, оларды зерттеп халыққа маңызын түсіндіруге бағытталған бірқатар елеулі жұмыстар атқарды.

Алпысыншы жылдары Шардара аймағы игеріліп, суландырылып, күріш егіле бастағанда сонау көне замандардан бері аман-есен келе жатқан жәдігер, бәрімізге белгілі үлкен де ерекше тарихи ескерткіш Ұзын Ата кесенесінің қабырғаларына айналасындағы шамадан тыс ылғалдың әсерінен сызат түсті. Сөйтіп кесенеге айтарлықтай қауіп төнді. Осы жағдайды байқаған Асылхан молда дабыл көтеріп, талай басшының есігін қақты. Халықты ұйымдастыра жүріп, мамандармен ақылдаса отырып, кесенені айналдыра кесене қабырғасына түскен сызатты одан ары ұлғайтпайтындай етіп, құрсаулатып шықты.

Асылхан атамыз қан майданда жүргенде ескерусіз қалып бара жатқан Жекеншайық әулие түсінде аян берген екен, сонда атамыз осыдан аман-есен елге оралсам, Жекеншайық әулиенің басына кесене салам деп ниет еткен екен. Асылхан атамыз сол ниетіне жетіп, 1970 жылдары өз күшімен темір жол бойындағы 14-ғасырда өмір сүрген Жекеншайық әулиенің басына кесене салдырды.

Атақты Мұңлық-Зарлық дастанының кейіпкерлері Зарлық батырдың, оның анасы Ханшайымның, қарындасы Мұңлықтың молаларын тауып, бастарына қойылған көк тастарын зерттеді, оларды оқып таныды. Бірақ, өкінішке орай, осы үлкен жұмысты толық аяқтауға сол кездегі партия-совет органдары карсы шығып, кесене құрылысы толық аяқталмай қалды.

Асылхан молда Достайұлы 1988 жылы 76 жасында дүние салып, осы Мұңлық-Зарлық әулиенің қасындағы мазарға жерленді.

Тар заманда басын қатерге тігіп, кейде қудалануға да ұшырай жүріп асыл дініміз бен мәдени мұрамызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу жолында қаймықпай қызмет еткен Асылхан молда Достайұлының еңбектері бәрімізге үлгі деп ойлаймын.

**Тұрақ-Серік МҰСАБАЙҰЛЫ**

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | АҚШ штаты | | | | | | | Киіз үй жібі | | Тамада | Ирак халқы | | Азық-түлік бағдысы | |
| | Дворяндық атақ | | Көлік | | Мұнай компсы | Ахмет .... | | | | | | | Құрылыс термині | |
| | | | | | Ата-.. | Порт | | Шаш бұйымы | | Майонез | Ағаш түрі | | | |
| | Авраам ... (ресей әншісі) | | Швед көлігі | | | | | Васко да ... | | | | | | |
| | Зевс әйелі | | Таң | Сарқырама атауы | | | | | | | | Қожа... | | Ләззат |
| | | | | Тәтті жеміс | | | | | Кино жүлде | | | | | |
| Валюта | | | | | Коньяк маркасы | | Май | | | | | | Робинзон .... | |
| Будан | | Шетелге шығу құжаты | | ... құлақ | | | | | Киелі рух | | | | | |
| | | | | | | Ақылды | | Келісім | | Шифоньер | Өкпе | | Кіріс түрі | |
| | Қырғыз тағамы | .... Құнанбаев | Түркия қаласы | | | | | Шипажай | | | | | | |
| | Асыл тас | | CD | | Ат (ант) | | | | | Малайзия қаласы | | ... Ақаев | | Көк ... (кино) |
| | | | | | Киіз үй құралы | | ... Мұса | Қаржы | | | | | | |
| | ... Амаду | | Сандық | | | | | | Шемішке | | | | | |
| | | | | Шұбар | | | | Еркек қой | | | | | | |
| Көлік маркасы | | ...-министр | | Қырғыз “скрипкасы” | | | | | Микро емес | | Өсімдіктер әлемі | | Әскери термин | |
| | | | | Орфография | | Қыз киімі | | Әтір | | Көйлектің көне атауы | | | | |
| Назды | | Тағам тізімі | | | | | Данышпан | | | | | Италия астанасы | | Ас "атасы" |
| | | | | | Шилдс ... (актриса) | | | | | Планета | | | | |
| ... Қашаубаев | Кино | Ұн елейтін құрал | | | | | Газет хабары | | | | | | | |
| | | | | | Ақша курсы өзгеруі | | | | | ....-сау | | | | |

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Алло, апа?*
*– Бұл қайсың-ей?*
*– Мен ғой, немерең Нұрдәулет!*
*– Қайда жүрсің-ей?*
*– Алматыда оқып жүрмін ғой, 4 жыл болды.*
*– Бәсе, үйде көрінбейсің.*

***

*ЖАРНАМАДАН: Осыдан алты ай бұрын тоғызыншы қабаттан құладым. Қол-аяғымды сындырып, басымды жарып, ішек-қарынымды ақтарып алдым. Бірақ бетім сол қалпы. Рахмет, саған, Dove.*

***

*Шымкенттің екі жігіті туған күн қарсаңында сөйлесіп тұр.*
*– Менің саған сыйлығым бар.*
*– Қандай?*
*– Сен оны бірінші қолыңа алған кезде тық-тық еткізесің. Ашып көргенде – уау дейсің. Дәмін татқан кезде – ым-м дейсің. Досым, айтшы ол не?*
*– Киндер сюрприз!*
*– Бәле саған, ол – насыбай.*

***

*Білгім келген бір сұрақ:*
*– Қытай мен МАИ қызметкерінің ұқсастығы неде?*
*– Екеуі де тамақты таяқпен жейді.*

***

*МАИ қызметкерінен сұрайды:*
*– Егер де ешкім жол ережесін бұзбай, жұмыссыз қалсаң, не істейсің?*
*– Әскери бөлімшеге ауысып кетем.*
*– Әлемде бейбітшілік орнап, әскерилер керек болмай қалса, қайтесің?*
*– Мен бәрібір ештеңе істемеймін, жұмыс істей алмаймын.*

***

*Бір еркек психологтың алдында отыр:*
*– Маған бір нәрсе жетпейтін сияқты. Өмірден жалыға бастадым. Жаңа сезімдерді бастан өткергім келеді.*
*– Тоқал алыңыз.*
*– Ондайлардың менде үшеуі бар.*
*– Онда, солар жайында әйеліңізге айтып беріңіз.*

***

*Жұмысына жиналып жүрген күйеуі әйеліне: – Ауа-райы бұлттанайын деп тұр. Бүгін кешке боран не дауыл соғайын деп тұр-ау? – деп қалғанда, әйелі: – Егер сенделмей, көп кешікпей үйге қайтсаң, боран түгілі самал жел де тұрмайды, – деген екен.*

№15 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ж | И | Д | Е | К | | А | Р | А | Ф | А | Т | | | Е |
| | | Е | | Е | | Х | | Л | | | А | Ж | Ы | Н |
| | О | Т | Ы | З | | И | | А | П | А | Р | А | | О |
| И | | Е | | Б | А | Л | Қ | У | | | С | У | А | Т |
| О | | К | Р | Е | С | Л | О | | А | | Ы | | В | |
| А | Й | Т | | | С | | З | А | Л | А | Л | К | Е | С |
| Н | | И | | Ж | А | П | Ы | Р | А | Қ | | А | | Е |
| Н | А | В | О | И | | | | О | Қ | Ы | Р | М | А | Н |
| | | | | Д | А | Р | Ы | Н | | | Ә | Р | | І |
| Е | Н | Е | | Е | Л | Е | С | | Қ | | С | И | А | М |
| Ң | | Л | | | А | Й | Т | Т | Ы | Р | У | | П | |
| Б | А | К | | Л | И | Г | А | | Р | | А | Д | Е | М |
| Е | | А | Қ | А | | А | У | М | А | Қ | | И | | Ұ |
| К | | | О | Т | А | Н | | А | У | Ы | Л | Д | А | С |
| К | У | Р | С | И | В | | | Г | | М | | А | З | А |
| Е | | И | | Ф | О | Р | У | М | | Б | А | Р | У | |
| Р | О | М | Б | | К | | С | А | М | А | | | | С |
| | С | | Л | И | А | Н | А | | И | Т | Қ | О | Ғ | А |
| А | Л | Л | О | | Д | | М | О | С | Т | | Қ | Ұ | Т |
| | О | | К | В | О | Т | А | | С | Ы | Л | А | Н | У |

**Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин (38–1–1, 34 KO) 8 маусым күні канадалық боксшы Стив Роллспен (19–0, 10 KO) жұдырықтасады. Ресми ақпаратты DAZN стримингтік сервисі хабарлады.**



# ГОЛОВКИН МАУСЫМДА КАНАДАЛЫҚ БОКСШЫМЕН ЖҰДЫРЫҚТАСАДЫ

Жекпе-жек Нью-Йорктегі Madison Square Garden аренасында өтеді. Отандасымыз жаңа стримингтік компаниямен келісімшарты бойынша алғашқы кездесуіне шығады.

Боксшылардың жекпе-жегі 164 фунтқа дейінгі салмақ дәрежесінде өтеді деп күтілуде. DAZN әлеуметтік желілердегі парақшаларында отандасымыз жайлы «Ол оралады» деп хабарлады.

35 жастағы канадалық боксшы кәсіпқой бокста жеңілістің кермек дәмін татып көрмеген. Екінші орта салмақта жұдырықтасады.

Шаршы алаңдағы шайқастарының көпшілігін өз елінде өткізген. Алты рет АҚШ-та жұдырықтасқан. 2015 жылы 8 раундтық жекпе-жекке шыққан. Ал 2018 жылы 10 раундтық кездесуге шығып, USBA жүйесі бойынша АҚШ чемпиондық атағына ие болған.

- Мен шаршы алаңға оралғаныма өте қуаныштымын. Madison Square Garden аренасында Big Drama Show-ды күтіңіздер! MSG фанаттары – керемет. Мен бокстың жақсы көремін. Роллске қарсы жекпе-жегімді көретін жанкүйерлер үшін өзімді айрықша қырымнан көрсетуге уәде беремін, - деді GGG қарсыласы анықталғаннан кейінгі алғашқы сұхбатында.

Жекпе-жек бойынша екі үлкен баспасөз жиыны өтеді. Біріншісі 22 сәуір күні Нью-Йоркта болса, екіншісі 23 сәуірде Лос-Анджелесте өтеді. Билеттер 20 сәуірден бастап сатылымға шығады.

Гена DAZN стримингтік сервисімен үшжылдық келісімшартқа (6 жекпе-жек) қол қойған болатын. Стивке қарсы осы келісім бойынша алғашқы жекпе-жегіне шығады.

Маусымдағы жекпе-жектен кейін Геннадий Головкин мен Сауль «Канело» Альварес арасындағы үшінші жекпе-жек ұйымдастырылуы да мүмкін. Ол үшін мексикалық боксшы 4 мамыр күні Лас-Вегаста америкалық Дэниель Джейкобсты жеңуі тиіс.

*massaget.kz*

**Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы ректоры Асхат Маемировтың бастамасымен, Академия ұжымының ұйымдастыруымен «Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз» атты мерекелік шара өтті. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы бастаған, бір топ еліміздің өнер майталмандары, жоғарғы оқу орындарының ректорлары мен өнер мекемелерінің басшылары бас қосқан шара шымылдығы Академияның «Театр өнері», «Эстрада өнері», «Ұлттық өнер» факультеттері және «Astana Musical» театрының артистерінің Наурыз мерекесіне орай салт-дәстүрді насихаттайтын театрландырылған көрінісімен бастау алды.**



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ

Алғашқы сөз Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлына берілді. Арнайы қонақ мерекеге жиылғандарға: «Құрметті ағайын, төл мерекеміз Әз наурыздың бүгін тойланып жатқандығының өзіндік ерекшелігі бар. Асхат Маемиров бауырымыз бәрімiздің басымызды қосып, үлкен мереке өткізіп отыр. Сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтау үшін еліміздің алдыңғы толқындары, мақтаныштары, жарық жұлдыздары, қазақ өнерінің қаймақтары жиылып отыр. Әрине, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясындай өнер ордасында осындай жоғары деңгейдегі үлкен шараның өтуі заңдылық. Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Үлкен жетістіктер, үлкен армандар орындала берсін», – деген жүрек жарды тілегін арнады.

Одан соң сөз алған Академия ректоры Асхат Максимұлы биылғы Наурыз мерекесінің Академияда жаңаша форматта, сондай-ақ Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының шеңберінде өтіп отырғандығын сөз ете келе жиылғандарға: «Еліміздің ең басты құндылығы ол – Тәуелсіздік. Халықтың бірлігі, елдігі, ел ішіндегі келісім. Сондықтан, осы Ұлы құндылық біздің елімізде мәңгілік салтанат құрсын» деген рухты ниетін білдіре келе биылғы наурызды тойлауды Арыстанбек Мұхамедиұлының ел үшін Наурызды тойлау жөніндегі республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Абай.кз» басылымдарындағы «Наурызға – жаңа көзқарас» мақаласын арқау еткендігін жасырмады. Мақаладағы «Наурызға әбден жаттанды болған шапан мен камзолдың орнына әркім өзіне жарасатындай, сән-салтанатымен, мақтанышпен киетіндей заманауи үлгімен киініп, ысырапқа жол бермеу. Сондай-ақ, басты құндылығымыз – бүлдіршіндерді қуанту». Осыған орай ортаға Алматыдағы №1 балалар үйінің балғындары шақырылып, Академия ұжымы атынан балаларға киім-кешек, тәттілер мен ойыншықтар тарту етілді.



Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, абыз актер Сәбит Оразбаев сыйлықтарға ие болған бүлдіршіндерді және Академияның студенттері мен қызметкерлерін мерекемен құттықтап, кезінде Дінмұхамед Қонаевтың өзі отырған киелі шаңырақтан түлеп ұшар жастарға ақ батасын берді.

Мерекеге Қазақстанның Еңбек ері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Сәбит Оразбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Пернебек Момынов, Казахстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы драматург Дулат Исабеков, С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің ректоры Талғат Нұрғожин, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының ректоры Арман Жұдебаев, Қазақстан Республикасының Халық артисі Лаки Кесоглу, өнер майталмандары Сатыбалды Нарымбетов, Смағұл Елубай, Нұрғали Нүсіпжанов, сондай-ақ М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының директоры Сәбит Әбдіқалықов, Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияның директоры Асқар Бөрібаев, Чайковский атындағы музыкалық колледждің директоры Біржан Хасанғалиев, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік Академиялық опера және балет театрының директоры Ая Қалиева, «Астана опера» театрының бас директоры Ғалым Ахмедьяров және мүсінші, Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері Ескен Сергебаев, Бақыт Қайырбеков сынды ел ағалары қатысты.

Одан әрі Наурыз тойы тұсаукесер рәсімі, үйлену тойының рәсіміне ұласып, бөбектің тұсауын Арыстанбек Мұхамедиұлы кесіп, Наурыз қарсаңында бас қосқан жүргеновтік шәкірттерге қазақ өнерінің корифейі Асанәлі Әшімов батасын берді.

Осылайша жүргеновтіктер Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа үлгісін ұсынып, мерекеге сәйкес қазақы атрибуттарын мейілінше қалпына келтіріп, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізді.

Мереке соңы салт-дәстүрлерімізді насихаттайтын театрландырылған көрінісі мен «МузАРТ», «Кешью» тобы бастаған танымал шеберлердің өнеріне ұласып, ұлттық ойындармен айшықталды.

***Әділғазы КЕРЕЕВ***

# «Ән бұлбұлы – Біржан сал»

**«Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында орны ерекше әнші, аса дарынды сазгер, асқақ үнді ақын, сал-серілік өнердің төресі –Біржан сал Қожағұлұлының шығармашылығына арналған «Ән бұлбұлы – Біржан сал» атты кеш ұйымдастырылды.**

Шығармашылық кеште Біржан салдың сан-қырын толығымен ашып, көрерменнің көңіліне ұмытылмастай әсер қалдыру мақсатында ақынның бойындағы, кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған өнері көрсетілді. Бар өнерді жанына серік еткен Біржан салдың шоқтығы биік туындылары халық назарына ұсынылды. Кеште Нұр-Сұлтан қаласынан Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, әнші, продюсер Майра Ілиясова, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтбек Нығызбаев, Нұрболат Құсайынов, Айбек Рымғали, Әнуар Адамбаев, Азамат Түсіпбеков, Сырым Мұхамеджан сынды әншілер сахнада өнер көрсетті. Сонымен қатар, Біржан мен Сара айтысын «Айтыс» өнерін бойларына серік еткен, Сұлужан Таубалды - Мұхамеджан Мансуров келіп, халыққа тарту етті.

*qazaquni.kz*



**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**
**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен–жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E–mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор –**
**Гүлмира САДЫҚ**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген